

Білмеген талай жұмыс істей жүріп,
Амаң жоқ, түбінде сол опық жейді. (А. Пүгінеки.)

Дана кісі айтты мынау іспетті:
Есті сөзді есте тұтса — іс бітті. (Ю. Баласағұни.)

Дүниені доңгелетер ақылды,
Ел басының көп білгені мақұл-ды. (Ю. Баласағұни.)

Зерделі кісі бәрінен де жоғары тұрады. (Ю. Баласағұни.)

Біліксіз сөйлесе — түсінбей-ақ айта береді. (А. Пүгінеки.)

Күштіден гөрі көрегендік жақсы. (Ю. Баласағұни.)

«Бойың қисық болса да ақылға тұзу болсын» — депті бір дана кісі.
(Ю. Баласағұни.)

Адам мен малдың айырмасы — ақылда. (Ю. Баласағұни.)

«Ақыл» деген көр адамға қоз, өлі тәнге жап, мылқауға тіл бола алар»
(Ю. Баласағұни.)

Ақыл болса — аяулы болады,
Білігі болса — бектікке таласыды. (Ю. Баласағұни.)

Сөз ойланғын айтылса ғана сөзге ұқсайды. (Құтып.)

Ақыл вадап басқа кірмейді,
Темір шеге тасқа кірмейді. (С. Сарайи.)

АҚЫЛДЫ МЕН АҚЫМАҚ

Ақылды кісінің ісі де — ақылды,
Біліксіз кісінің «біліксіз» деген аты да — былғаныш. (Ю. Баласағұни.)

Ақылды кісіден кісілік үйренесің. (Ю. Баласағұни.)

Ақылдыға сөз айтсаң —
Толыса түсер ақылы,

Ақылсызға сөз айтсаң —
Сол күйі қалар ақыры. («Алтын шежіре».)

Түбі баянсыз істен ақылды адам сақтапар болар. (Рашид-эд-дин.)

Ақылдылық жақсы атқа қалдыруды тілейді. (Рашид-эд-дин.)

Адамның ақылға азса, істемес істі істейді. (Рашид-эд-дин.)

Ақылды іздегеннің өзі — нағыз ақылды,
Білімдіні іздегеннің өзі — нағыз білімді. (Ю. Баласағұни.)

Құдай берейін десе, ақымақтың да тілегін береді, ақылдың да тілегін
береді. (Құтып.)

Ақылды кісі аз сөйлер. (Ю. Баласағұни.)

Бір жас жігіт айтыпты: «Ұзын бойлы ақымақтан қысқа бойлы ақыллы
артың». (С. Сарайи.)

Ақылды адам аз жейді. (С. Сарайи.)

Ақылды ер адамның айып іздемейді, өнер іздейді. (С. Сарайи.)

Ақылды істі асығып ойлапбайды,
Ішегің көп жүгірсең майлапбайды. (Құтып.)

Ақылды үшін-дүние толған тікенек,
Бассаң кірер аяғыңа, байқа текі! (Ю. Баласағұни.)

Екі ақылды бір қылды жара алмайды,
Ақымақ адам өз тілін тып алмайды. (С. Сарайи.)

Ақылды азған адам өзін-өзі отқа тастайды. (Ә. Науыи.)

Ақылдымен отыру — ақымаққа жаза,
Ақымақпен отыру — ақылдыға тозақтан жамаң қаза. (С. Сарайи.)

Әрбір адам ақылды бола бермейді,
Жат пен жақын бірдей бола бермейді. (М. Қашғари.)

Ақымақты одан да қу, мұнда да жуытпа» деген мәтел бар. *(Бабыр.)*

Ақымақ күндіз шам жағады. *(С. Сарайи.)*

Қылыштың жүзін жұдырықтау — ақылды кісінің ісі емес. *(С. Сарайи.)*

Тіл мен сөзі түйсіктің шырдалар,
Бар қылығы әрі таза, шып болар. *(Ю. Баласағұни.)*

Құлығы — адал, түйсіктің бар тобасы,
Ылғы әділ оның жол мен жобасы. *(Ю. Баласағұни.)*

Түйсікті жас іс қылады шалдайын,
Қайда түйсік — ұста соның шалтайын. *(Ю. Баласағұни.)*

Ақылдыны білім ұстамды қылады. *(Ю. Баласағұни.)*

Ақылды қанша қараңғы болса да алысты көреді,
Ақымақ ақыр заман болса да маз боп жүреді. *(Ю. Баласағұни.)*

Білімділер — халыққа бас, ес еді,
Білімсіздер қылышпен іс шешеді. *(Ю. Баласағұни.)*

Біліксіз кісі ауру іспетті,
Ауруды емдемесе — тез өледі. *(Ю. Баласағұни.)*

Түйсік үшін құрметтейді бір басты,
Осыз адам, байқа түкке тұрмас-ты. *(Ю. Баласағұни.)*

Біліп айтса — «дана» дейміз оңғасып,
Білімсіздің сөзі жейді өз басын. *(Ю. Баласағұни.)*

Надандар сөзін бүгін жасыра алмас,
Көп сөйлеп керең сөзін асыра алмас. *(Ю. Баласағұни.)*

Көңілі білімсіздің құмдай болар —
Құйса да дария тасын жымдай болар. *(Ю. Баласағұни.)*

Сырдай надан тойса пысылдайды,
Бос сөзге сөмірсе де қысылмайды. *(Ю. Баласағұни.)*

Ақымақ мың батпан тасты көтереді, бір ауыз сөзді көтере алмайды. *(С. Сарайи.)*

Екі ақылды адамның арасынан ұрыс шықпайды. *(С. Сарайи.)*

Өркімнің өз ақылы кемел көрінеді. *(С. Сарайи.)*

Ақылды қазы да кейде аңғал шешім айтады,
Ақылсыз бала да кейде ойпан атып тигізеді. *(С. Сарайи.)*

Бір жүз елу тараудан тұратын ақыл оқип берсең де ақымаққа ойынның көрінеді. *(С. Сарайи.)*

Ақылсыз адам — мәуесіз ағаш секілді. *(Ю. Баласағұни.)*

Ақылды адамға екі дүниеде де жол ашық. *(Ю. Баласағұни.)*

Ақылды адам сөзді орнымен айтып, жөнді жауап күтеді. *(С. Сарайи.)*

Ақымақты мақтасаң — қуанады. *(С. Сарайи.)*

ДАНА, ДАНЫШПАН, ҰЛЫ

Ағып ел дүрліккенде көрінеді,
Данышпан жәй тірлік күнде көрінеді. *(М. Қашқари.)*

Батыр жауда көрінеді,
Данышпан дауда көрінеді. *(М. Қашқари.)*

Данышпан да жаңылар кез болады. *(С. Сарайи.)*

Жаабас мерген болмас,
Жанылмас дана болмас. *(М. Қашқари.)*

Ұлы адамдар мейірімі — бақыт кілті. *(Қ. Пассауи.)*

Ұлы адамдар есігі — бақыт көзі. *(Қ. Пассауи.)*

Руыңда дана болсаң — білгеніңді үлестір. *(М. Қашқари.)*

Данышпанның тілегі де қарапайым келеді. (М. Әлі.)

Аз-аздан үйреніп дана болар,
Бір-бір тамшыдан жиналып дария болар. (Ә. Науаи.)

Қанша дана болса, сонша философ бар,
Қанша ғалым болса, сонша философ бар. (А. Пүгінеки.)

Ұлыны ұлы түтсе — құт болар. (М. Қашқари.)

Қанша ұлы болса да «бәріп білем» — деп ойлама. (Ю. Баласағұни.)

Цананың сөзі — соқырдың (надан адамның) көзі. (Ю. Баласағұни.)

ӨНЕР-БІЛІМ

Мүзіне қарама, өнеріне қара. (М. Қашқари.)

Көрсетпеген өнер зая кетеді. (С. Сарайи.)

Біреуден күнә іздегенше, өнер ізде,
Бағда кірсең тікен тергенше, гүл жина. (Құтып.)

Қай істе де өнер — қолдан;
Өнерлі адам жерлер болған. (Ю. Баласағұни.)

Өнерлінің қанасы көп,
Өнерсіздің өкінімі жоқ. (А. Пүгінеки.)

Өнерсізден құт қашар. (М. Қашқари.)

Есер қайда жүрсе де ақша табады. (С. Сарайи.)

Өнерлі адам өз елінен кетсе де табыс табады,
Патша елінен кетсе, азын-тозын өмірем қабады. (С. Сарайи.)

Бойра тоқыған зергер болмас. (Құтып.)

Қым болып тіл тұрмайды кесілмесе,
Білім — тұл, тілден шығып өсілмесе. (Ю. Баласағұни.)

Білмеген нәрсенді сұрап алуды ар көрме:
Адам сұрап білмесе, ештеңе үйренбейді. (С. Сарайи.)

Білім, ақыл бірге жүрсе — жарайды,
Бүкіл әлем бір-ақ қолға қарайды. (Ю. Баласағұни.)

Бү дүние — өнерліге өгей-ді,
Қамсыз адам өнері жоқ көбейді.
Өнер дәулет әкелмейді кісіге,
Сол-ақ қимы, сонда кімдер жебейді? (А. Пүгінеки.)

Білмегенді «білем» деген — күбірлік,
Тілді білген мәнін де ұтар, шүкірлік. (Арыслан Қожа Тарханның айтуы, «Ақиқат сыйы» кітабында.)

Білім — адамның байлығы. (С. Сарайи.)

Біле бер қанша білсең — тағы тіле:
Жетерсің мақсатыңа біле-біле. (Ю. Баласағұни.)

Білім — теңіз, түбі де, шегі де жоқ. (Ю. Баласағұни.)

Басыңды бұл білімнің қорғап, ақтар,
Білмеген өз-өзінен қорғалақтар. (Ю. Баласағұни.)

Қанша шебер жиналса, сонша түрлі өнер көрсетіледі. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Белгісі болса, жолдан жаңылмас,
Білімі болса, сөзден жаңылмас. (М. Қашқари.)

Білімді қайда да болса іздейсің. (А. Пүгінеки.)

Үйренер нәрсең — білім мен мәйірімділік. (Ю. Баласағұни.)

Уақтылы білім алмасаң, іске қолың жетпейді. (Ю. Баласағұни.)

Кешігін келген білімнің пайдасы жоқ. (Құтып.)

Жоқ-жітіктің сепер байлығы — білім ғана. (А. Пүгінеки.)

Ізгі білім — сөнбейтін шырақ. *(Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)*

Есікте де, төрде де білімге құрмет көрсетер. *(Ю. Баласағұни.)*

Даңқтың аты білімге байланысты. *(Ю. Баласағұни.)*

Білім — ел ішінде. *(М. Қашқари.)*

Бақыт жолы біліммен табылады. *(А. Нүсіеки.)*

Жер үстінде адам өмір өткізер,
Бар нәрсеге білім қолды жеткізер. *(Ю. Баласағұни.)*

Қызықтырар білім қолдың құртындай,
Ой — орданың көлің қонған жұртындай. *(Ю. Баласағұни.)*

Жасырең да жұпар ісі аңқиды,
Сөз танытар біліміңді сан қалы. *(Ю. Баласағұни.)*

Білім — байлық таусылмайтын, бітпейтін,
Ұры-қары, қу жоқ оны үйтейтін. *(Ю. Баласағұни.)*

Қандай адам білім алаа тәуірлен,
Сол ұшпаққа шығады екен дәуірлен. *(Ю. Баласағұни.)*

Жол-жобаны қалам түзейді:
Қылышпенен түзейді екен халықты,
Қаламменен түзейді жөн-қалыпты.
Білімділер — халыққа бас, ес еді,
Білімсіздер қылышпен іс шешеді. *(Ю. Баласағұни.)*

Түйенкті бол, білімді де таңдай біл,
Жақсы атқарып, ісі тетігін аңдай біл.
Жарайтын мен жарамасты байқастыр,
Көрексіз боп көрек істі жайғастыр. *(Ю. Баласағұни.)*

Хақты мақтан, білім жылдым, қармадым,
Қоңілімді жақсы жолға арнадым. *(М. Қашқари.)*

Білім іздеп, даналарды таңтадым,
Өзім — жеке, бос көтті ақжал саңлағым. *(М. Қашқари.)*

Білім — шипа:
Ақыл айтса — адам ойын ертетін
Ерлер, игі бектер өтті ерте тым.
Таудай білім насихаты — шипа ғой.
Жанды тербеп, қоңіл күйін шертетін. *(М. Қашқари.)*

Білім — таусылмайтын байлық. *(Ю. Баласағұни.)*

Барлық істің басшысы — білім мен ұғым. *(Ю. Баласағұни.)*

Рухани күннен көптен озасың. *(«Алғын шежіре».)*

Кім білімді көп біліп, қоңілде тұтса,
оның дәулеті артады. *(К. Жалаири.)*

Білім алып іс істемеген адам керіз қазып егін сазмаған адамға ұқсайды
немесе егін салып, оның дәнін жанып алмаған адамға ұқсайды. *(Ә. Науаи.)*

Оқығанның көзі ашылады. *(Ю. Баласағұни.)*

Құт белгісі — білік. *(М. Қашқари.)*

Білім — ердің дәулеті. *(С. Сарайи.)*

Бар боп тұрса бұрынғы әдет орнегі —
Білімдіе тиер орын төрдесі. *(Ю. Баласағұни.)*

Артық көтсе — түбісік түзер хал-жайды,
Ел бүкілсе — білім түзеіп талдайды. *(Ю. Баласағұни.)*

Білімді білім біліп, әрделі — ұғар,
Жүзеге осы өзеуі алып шығар. *(Ю. Баласағұни.)*

Білім ал, ол өмірдің жолын аңар,
Кісідеп білім білген бөле қатар. *(Ю. Баласағұни.)*

Бір адамның бір адамнан парқы бар,
Ол айырма білімменен жарқырап. *(Ю. Баласағұни.)*

Бар ізгілік тек білімнен алынар,
Білімменен аспанға жол салынар. *(Ю. Баласағұни.)*

Әр сөздің білім болсын сағасы,
Білімменен үлкейер ел ағасы. *(Ю. Баласағұни.)*

Ғоңіл — түссіз терең теңіз бүгінде,
Білім — інігу жататұғын түбінде. *(Ю. Баласағұни.)*

Ашылар білімменен бақыт жолы,
Білім ал жолға түсін бақыт толы. *(А. Пүгінеки.)*

Недейдің кертін жейтін малы — білім,
Білімнің жоқ-жігітке берері мол. *(А. Пүгінеки.)*

Бақыттың жолы білімнен ашылады. *(А. Пүгінеки.)*

Күдай әлемнен бұрын қаламды жаратқан. *(Ю. Баласағұни.)*

Қалам — бұл дүниенің даңқы,
Күрмет — о дүниенің даңқы. *(Әбілғазы.)*

Елді қаламмен басқар. *(Ю. Баласағұни.)*

Хат пен есеп білгеннен қазынаны шығады. *(Ю. Баласағұни.)*

Жазылмаған іс көкейде көп тұрмайды. *(Ю. Баласағұни.)*

Қылын елді күзейді,
Қалам елді түзейді. *(Ю. Баласағұни.)*

Білім — адам баласының ортақ қазынасы. *(Ю. Баласағұни.)*

Білімнен атың шығады,
Өзің өлсең де атың қалады. *(Ю. Баласағұни.)*

Білім сананы ағартады. *(Ю. Баласағұни.)*

Адам біліммен көтеріледі. *(Ю. Баласағұни.)*

Адамды білім сақтайды. *(Ю. Баласағұни.)*

Білім мен ізгілік қана мұратқа жеткізеді. *(Ю. Баласағұни.)*

Бар ізгілік түйсіктіге саяды,
Ер біліммен өсіп, атын жаңды. *(Ю. Баласағұни.)*

Түйсік, білім ұлы қылған адамды,
Сөзәр басқан әділдікке қадамды.
Осыны айтар ақыл-ұғым үстелсе,
Пайдасы көп — біліммен іс істелсе. *(Ю. Баласағұни.)*

Біліксізді жақындатсаң, ол ойсыз
Ішке кіріп, іс қылады орайсыз.
Біліксізбен бірге жүрген санды ұрар,
Ұстамды жан өз бақытын жандырап.
Біліксізден алыстап жүр әріде,
Оның пасық сөз, қылығы — бәрі де. *(Ю. Баласағұни.)*

Біесе білім — күнде бақыт кісіге,
Үлкен атақ содан келер кішіге. *(Ю. Баласағұни.)*

Үйренген жөн ой-білімі кем елге,
Ер ұлғайса, білім келер кемелге. *(Ю. Баласағұни.)*

Ұл-қызға оған үйрет, білім-өнер,
Көп көріп содан пайда кемелденер.
Ұлыңа үйрет білім, барлық амал,
Сонымен ол жияды қазына-мал. *(Ю. Баласағұни.)*

Түйсік болып, қансаң білім нәріне —
Жетер қолың ой-тілектің бәріне. *(Ю. Баласағұни.)*

Білім, ол — шам-шырағы жұрттың күнде,
Жапып ап, жаңылдырмас жеті түнде. *(Ю. Баласағұни.)*

Білімнен артық пайдалы не бар? *(А. Пүгінеки.)*

Білім өз иесін білдіріп тұрады. (С. Сарайи.)

Білім — иесінің дәулеті: білімді қайда барса да алдына алтын тартылады. (С. Сарайи.)

Әр адам білігімен белгілі болады. (А. Үгінеки.)

Білім малы жоққа — түгесілмес мал,
Қаржысы жоққа — таусылмас қаржы. (А. Үгінеки.)

Білген адам білімді өмір бойы іздейді. (А. Үгінеки.)

БІЛІМДІ МЕН БІЛІМСІЗ (НАДАН)

Тапымы мол тамұқтан да құтылады. (Ю. Баласағұни.)

Білмегенге алтыннан да пайда жоқ. (Құтып.)

Білгіні бар — жаңылмас,
Жершілі бар — адаспас. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Білгіштің қолы барлық іске жетеді. (Ю. Баласағұни.)

Естіп, біліп істеген мақсатына тез жетеді. (С. Сарайи.)

Білімдар адам иесінен білінін тұратын жұпар сияқты, білім де сондай иесін білдіріп тұрады. (С. Сарайи.)

Білген иесінің ісі байынты. (Ю. Баласағұни.)

Білген адам инжуді дариядан іздейді, жер үстінен іздегендер топырақ қана табады. (Құтып.)

Білімді шарап імсе, білгенінен айрылар. (Ю. Баласағұни.)

Білімдар жанның ізін кес. (А. Үгінеки.)

Білімді адам тілін билей алады. (Ю. Баласағұни.)

Білімдіге — биік орын. (Ю. Баласағұни.)

Білімді кісі керекті сөзді ғана айтады. (А. Үгінеки.)

Білімдіні білімі үшін мақтайды,
Бейшараны «қам қоңла» деп жақтайды. (Р. Хорезми.)

Дүниені өзген біледі. (Құтып.)

Құлақ естісе, қоңла білер,
Көз көрсе, шабыт келер. (М. Қашқари.)

Күн менен түп ауысса — бозторғай біледі,
Жүк салмағын қашар біледі,
Жін түйінін жүк біледі,
Таяқ жеген бастың ауруын мұрын біледі. (Қорқыт.)

Білмеген у ішеді. (Ю. Баласағұни.)

Аңламаған у ішеді. (Құтып.)

Білмегеннен түбінде бас ауырап. (Құтып.)

Іеті кейінге қалдыру — білгендік емес. (Құтып.)

Білімсіздік басты қаңғыртады. (Құтып.)

Білімсізге шын сөз де парықема. (А. Үгінеки.)

Қандай істе болса да білімсіздік үлесі — өкініш. (А. Үгінеки.)

Номен тынарын білмеген ердің ісі — қор. (Ю. Баласағұни.)

Білмегендер алтынды бақырдан айыра алмайды. (Құтып.)

Қалың жұрт екіге бөлінеді: ұқпаған — өлік, түсінген — тірі. (Ю. Баласағұни.)

Нағыз көрінкел қантөгіс үстінде де сендіре алады. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Әлі (төрт халифаның бірі) айтыпты: «Кім өзін жұрттан артық санаса,
сол — ақымақ». (М. Әлі.)

Ессіадік — от күйдірет, откелі жоқ жолында. (Ю. Баласағұни.)

Бектер болса ессіа,
Бұзылады ескі із. (Ю. Баласағұни.)

Ақылымаз кісі — қос уыс қоқыс. (Ю. Баласағұни.)

Дәу де болса, ақылы жоқ адамдар бола береді. (Рашид-эд-дин.)

Ақымақпен жараспа,
Ақылдыдан адаспа. (М. Әлі.)

Ақылымаз басты қылығы танытады. (Ю. Баласағұни.)

Қанша ақылымаз болса да жол жүргенде ес болады. (М. Қашқари.)

Ақымақтың аты шықса, әр төбеде бір із қалдырар. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Ақымақтан ары тұр — бәлесі жүғады. (Ю. Баласағұни.)

Ессіаге жуыма — кетер күй, есің,
Отқа жуыма — күйесің. (А. Пүгінеки.)

«Ақылы аз» деп қорымба — пайдасы тиеді. (Ю. Баласағұни.)

Ақылы жоқтар азады,
Ойы өзбырлар тозады. («Алтын шежіре».)

Ақымақтың әңгімесін тыңдағанша зындаңда жатқан жақсы. (М. Науан.)

«Надандық» дегеніміз — тозақ, одан шығар жол жоқ. (Рашид-эд-дин.)

Тозаққа жетектеп кіргізетін — тек қана надандық. (Рашид-эд-дин.)

Біліктінің сөзі — жанып тұрған жас гүл. (С. Сарайи.)

«Білік» деген бір қазық, барлығы соған оралар. (Ю. Баласағұни.)

Білікті — биік тұт,
Ұғымды — ұлы тұт. (Ю. Баласағұни.)

Біліксіз биік болса дәулетімен,
Білікті биігірек сәулетімен (Ю. Баласағұни.)

Біліктіден шыққан сөз — әдеп үлгісі. (Ю. Баласағұни.)

Білікті біліммен білінері. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Білікті кісі тәліпен ет сыдыртып, біліммен жанып семірттер. (Ю. Баласағұни.)

Білікті адам жұрт тынғанда сойлейді. (С. Сарайи.)

Білікті адам керекті сөзін ғана айтады, керек емесін бүгін қалады. (А. Пүгінеки.)

Біліксіз шарап ішсе, жас бала болады. (Ю. Баласағұни.)

Біліксіз қызмет қылса, жақсылық күтпе. (Ю. Баласағұни.)

Біліксізге төр тисе, «томен» дейді. (Ю. Баласағұни.)

Біліксізге бәрі де жөп көрінеді. (А. Пүгінеки.)

Біліксіз қайыр әкедмейді. (А. Пүгінеки.)

Біліксіз бас майсыз жілік сияқты кодек келеді. (А. Пүгінеки.)

Біліксіз биікке шықпас. (Ю. Баласағұни.)

Білік бағасын білікті біледі. (Ю. Баласағұни.)

Білімдінің сөзін тыңда,
Айтқанын үйрен — іске асыр. (М. Қашқари.)

Жердің шүйгін шөбін киік білер,
Жайылымның шалғынын құлан білер,
Әр жолдың сүрлеуін түйе білер,
Жеті бұлақтың інісін тұлкі білер,
Керуеннің түніг жүрісін торғай білер,
Ердің батқанын ат білер,
Ауыр жүктің михнатын тұлнар білер,
Сөз орайын бөкен білер,
Қанелімде бастың ауырғанын ми білер,
Ер жомартын, кісі бақылын жырау білер. *(Қорқыт.)*

Насын әр елде де نادаннан шығады. *(Ә. Науы.)*

Бір білімдар айтыпты: «Ең адам өз надандығын мойындамайды». *(С. Сарайи.)*

Надан жанның әдеті: жолдасынан сөз қалып қойса, жаулықтың семсерін суырады. *(С. Сарайи.)*

Түйсіксіз адам түгелдей мал септі. *(Ю. Баласағұни.)*

Ұқпаған кісі білімді бұзады. *(Ю. Баласағұни.)*

Надан адам шіріген бай келеді. *(С. Сарайи.)*

Ұғымы жоққа үлес те жоқ. *(Ю. Баласағұни.)*

Ұғымсыз кісі мәуссіз ағаш сияқты. *(Ю. Баласағұни, А. Үзгінеки.)*

Қараңғының баеына хақтың сөзі кірмейді. *(А. Үзгінеки.)*

Наданға үгіт айтудың керегі жоқ: ол бәрібір ұқпайды. *(А. Үзгінеки.)*

Ғылымды надан жер етер. *(А. Үзгінеки.)*

Көп наданның арасына бір білімгер түссе, ол біліммен таққан белдігін шешіп тастайды. *(С. Сарайи.)*

Надан тілін белесе, ақылды аңырып қалады. *(С. Сарайи.)*

Білімдінің сөзі адамға ауадай қажет: оқуы бар ердің қайыры бар. *(Ю. Баласағұни.)*

Надан адам дабыл сияқты: дауысы жақсы, іні бос. *(С. Сарайи.)*

Білмегеніңді сұраудан қорықта,
Сұрамаған түк те үйренбейді. *(С. Сарайи.)*

Наданның үлемегені жақсы. Егер ол осы ақылды білетін болса, надан да болмас еді. *(С. Сарайи.)*

Ең пәрсеге қызықпаған адам — өлік. *(Ю. Баласағұни.)*

Наданды біліммен емде. *(Ю. Баласағұни.)*

«Надандық» деген ауруды тәуін емдей алмайды. *(Ю. Баласағұни.)*

Білмеген (надан) көзі болса да — соқыр, тірі жүрсе де — өлік. *(Ю. Баласағұни.)*

Білімі бардың аты өседі,
Білімі жоқтың аты өшеді. *(Ю. Баласағұни.)*

Білістің білісі үшін емейді. *(Құтып.)*

Білімді адам дәулетінен айрылса да қайғырмайды: оның байлығы — білім. *(С. Сарайи.)*

Надандар білімді адамды көре алмайды. *(С. Сарайи.)*

Білікті адамның сөзі — таза гүл. *(С. Сарайи.)*

Білімдар даңққа бөленген жолда қалып надан босқа өледі. *(С. Сарайи.)*

Кедейдің білімді ұлы уәзір болады,
Уәзірдің надан ұлы тақыр кедей болады. *(С. Сарайи.)*

Надандар бір жапырақ пәл үшін бейнет шегеді. *(С. Сарайи.)*

Біліксіз кісі айналма қой сияқты. *(С. Сарайи.)*

Айтайын білім жайып, құшты бар бол,
Ей, достым, білімдіге ынталар бол. *(А. Нүсіеки.)*

Білімді — алтын көзі ашылатын,
Надан жан — қара бақыр шанылатын,
Білімсіз тең бола ма білімдімен,
Азамат — білікті әйел, ер — қатын. *(А. Нүсіеки.)*

Атақпен білген өтер, ірі жүріп,
Білместі «өлген» дей бер тірі жүріп,
Білгеннің өзі өлгенмен аты өлмейді,
Аты өнер білмегеннің құры жүріп. *(А. Нүсіеки.)*

Білімді білімсіздің мыңын жеңер,
Ол біліп білім ізін, төгіп теңер.
Көр байқап, оқы, сына: білім пайда,
Билмесең — басқа не бар, сенің нең ер? *(А. Нүсіеки.)*

Біліммен ғалым өсіп, көкке кетер,
Адамды надапшылық төмен етер.
Ерінбе, білім ізде, Расул хақ
«Қадірле білгендерді» деп көрсетер. *(А. Нүсіеки.)*

Білікті білім жинап кәсіп етер,
Білімнің дәмін татып, өсіп өтер.
Білдірер білім елге білім сырын,
Біліксіз білімді аттап, босіп өтер. *(А. Нүсіеки.)*

Білімділер көтереді шықты,
Білімсіздер бықсыған от сияқты. *(Ю. Баласағұни.)*

Білімдар адам қайда барса да, оны таза ғауһар сияқты бағалай
біледі. *(С. Сарайи.)*

Білген ерден білім толтыр бойыңа,
Ізгі сөзден ес кіреді ойыңа. *(М. Қашқари.)*

Ұлым, саған қалдырам жақсы кеңес — мұраны:
Білімдіге тап келсең — үлгі тұтып тұр оны.
Күнде барып біліп ал білімін де, бабып да,
Өр мінезді тастағын, оған қатты табып да. *(М. Қашқари.)*

Білген ердің сөзін тыңда ізгілік,
Қасиетін үйреніп аш көзге ілік. *(М. Қашқари.)*

Біліксіз — көп, аз ғой тіпті білікті,
Ойлы — қымбат, өйемздар не білікті. *(Ю. Баласағұни.)*

Білімсіздер — білімдінің қас жауы,
Білімсіздің содан түкке аспауы. *(Ю. Баласағұни.)*

Білімдінің білім — киім, асы да,
Білімсіздің ісі — бәле басына. *(Ю. Баласағұни.)*

Не қадірлі бұ білімнен қараса,
Лағынет сөз «білімсіз» деп атаса. *(Ю. Баласағұни.)*

Білімді кісі отырса, босаға да тар болады. *(Ю. Баласағұни.)*

Білімсіздер — көр соқыр ғой танымал,
Ей, соқырым, аздан білім танып ал. *(Ю. Баласағұни.)*

Өте жақсы сөз айтқандар — дана ғой,
Білімді сөз — білімсізге сана ғой. *(Ю. Баласағұни.)*

Туа білмей, үйренеді ау-жайды,
Білім алған талай істі қаурайды. *(Ю. Баласағұни.)*

Түк те білмес жаңа ғына туғандар,
Төрге шығар өнер білім құғандар. *(Ю. Баласағұни.)*

Білімдар нәсі, тілді түзетеді —
Екеуін еркі жетіп күзетеді. *(Ю. Баласағұни.)*

Тура сөз білімсізге қала болар,
Насихат, пайдалы сөз жаза болар.

Надан жан қанша жусаң — тазармайды,
Талай кір жуган сайын таза болар. (А. Пүгінеки.)

Білікті біліп айтар, сөзін ұтар,
Ол емес бос сөздің бедел тұтар.
Білімсіз не айтса да білмей айтар —
Оз тілі өзінің кеп басын жұтар. (А. Пүгінеки.)

Білімді адам өзгенмен, орнын надан баса алмайды (С. Сарайи.)

Білімді бір кісі білімсіз мың кісімен тең. (А. Пүгінеки.)

Білімсізге шын сөз аңға көрінеді. (А. Пүгінеки.)

Өзіңді біліктінің қасында ұста. (А. Пүгінеки.)

Білікті кісі — баға жетпес алтын,
Біліксіз кісі — бес тиын бақыр. (А. Пүгінеки.)

Білімсіз адам майы жоқ жілік сияқты бос қуыс болады. (А. Пүгінеки.)

ҒАЛЫМ

Ғалым білімімен көтеріледі. (А. Пүгінеки.)

Ғалым сөзін естіп ал, есінде ұста. (С. Сарайи.)

Едбегі жоқ ғалым, балы жоқ ара тәрізді. (С. Сарайи.)

Көп нағанның ішінде бір ғалым отырса, көп соқырдың арасында бір жарық шам жанғып тұрғандай болады. (С. Сарайи.)

Ғалым бар дүниеде «дана» аталған,
Білімі халық жолын нұрға малған. (Ю. Баласағұни.)

Дананы қатты сыйлап, сөзін сүйгіп,
Білімін аз-көп болсын ойға түйгіп. (Ю. Баласағұни.)

Қажетті керексізден кесіп тастар,
Ғалымдар тура жолға елді бастар. (Ю. Баласағұни.)

Білімдар тірілтеді ақиқатты,
Нөгізін шын әділет ұстар қатты. (Ю. Баласағұни.)

Болмаса бұл әлемде ғалым дана —
Бізгес ед жерге түк те қасақана. (Ю. Баласағұни.)

Өз білімін сатқан ғалым «жақсылық» атаулыны өз қолымен ортейді.
(С. Сарайи.)

Ғалымдар серке сөйледі: қай жаққа бастаса да тура жолға бастайды.
(Ю. Баласағұни.)

Білмегенді сұрап үйренген — ғалым,
Арланып сұрамаған — өзіне ғалым. (Ә. Науаи.)

Білімін сатқан ғалым ізгілікті отқа тастағандай болады. (С. Сарайи.)

Патшалар ғалымдардың кеңесіне мұқтаж,
Ғалымдар патшалардың кеңесіне мұқтаж емес. (С. Сарайи.)

ТІЛ ОНЕРІ

Отыз тістен шыққан сөз барлық ордаға жайылар. (Қорқыт.)

Ескі киімнің биті аңы,
Жетім баланың тілі аңы. (Қорқыт.)

Ат аяғы ақсауық,
Ақын тілі қақсауық. (Қорқыт.)

Тіліңді ноқсталасаң, басың сақталады. (Ю. Баласағұни.)

Әдептің басым — байқан сөйлеу. (А. Пүгінеки.)

Кісі көңілін танытатын — тіл мен сөз, ол ала болса, кімге нала?
(Ю. Баласағұни.)

Керексіз сөз күйдірер от сияқты. (Ю. Баласағұни.)

Әдемі сөйлегеннің ісі әйбат. (Ю. Баласағұни.)

Ақылды өрнымен сөйлер де, жауабын күтер. (С. Сарайи.)

Тіл өзара сырласады,
Өсек-аң сыбырласады. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Түмен сөз түйінін бір сөзбен шеш. (Ю. Баласағұни.)

Көп сөзді ұғын болмас,
Жартасты жығын болмас. (М. Қашқари.)

Ақыл мен білімнің тілманы — тіл. (Ю. Баласағұни.)

Тілмен түйгенді тіспен шешпейді. (М. Қашқари.)

Бұрып айтылмаған білімді жұрт сөзіңнен таныды. (Ю. Баласағұни.)

Сөз айтып бітірмеген — өркек емес. (Құтып.)

Сөзге сүйінген — сол сөздің құлы. (М. Қашқари.)

Қатты айтты деп қайғырма. (Құтып.)

Тәтті сөздің ішінде у да болады. (Құтып.)

Өлшеуді сөз ғана саа болады. «Көп сөз — есекке жүк» деген мақал бар. (Құтып.)

Сөз сөйлесең — байқап сөйле. (Құтып.)

Өз сөзіңнің өз жүзіңе соқпасың ойла. (Құтып.)

Жақсы сөз — дәмнің тұзы. (Құтып.)

Керекті сөз өз жерінде айтылсын. (Құтып.)

Жаза айтылған бір сөзбен де жүректі жаралауға болады. (С. Сарайи.)

Өлшеп айтылса ғана сөз жөнді сөз бола алады. (Құтып.)

«Үндемеген — келіскеннің белгісі» депті найғамбар. (Рабғузи.)

«Кісі не сөйлесе де әуелі ойлааны алып, әсілін біліп сөйлегені жөн» депті ұстаз. (С. Сарайи.)

Көрінеді тілден түйсік, білім де,
Біле білсең жарылқауы — тілің де. (Ю. Баласағұни.)

Тіл сыйлы етер, құтты қылар, өсірер,
Бас та жарар, қадір-құтты ол өшірер. (Ю. Баласағұни.)

Тіл — арыстан күзететін босаға,
Басыңды жер тығылсаң да тасаға. (Ю. Баласағұни.)

Болса, данам, көңіл — тура, тіл — майда,
Ұлының таусылмайды ондайда. (Ю. Баласағұни.)

Білімдіден қалған бір сөз тағы бар:
Әдептіге «үндемес» ат тағылар,
Тіліңді тый — сонда тісің сынбайды,
Жөнісі шыққан тілден тісің қағылар. (А. Пүгінеки.)

Сөз — есенсіз, тіліңді тый, тарт, ұста,
Тыймаған тіл басыңа сөр әр тұста.
Есенгі сөз — ер сөзінің асылы,
Мылазын тілді «жау» деп ұғын тартыста. (А. Пүгінеки.)

Ақылды ма көп сөйлеген күбіне,
Талай бастың тіл жетті ғой түбіне.
Оқ жарасы жазылады, бірақ та
Тіл жарасы жазылмайды — түбі не? (А. Пүгінеки.)

Ақымақтың тілі — бастың дұшпаны,
Қан төгілің, талай бастың ұнқаны,
Көп сөйлеген өкінеді түбінде —
Белкі бермей ақылға сап ұста оны. (А. Пүгінеки.)

Не келсе де тілден келер бір басқа,
Содап — жақсы, жамап атақ бір басқа.
Тыңданы, адам, ерте тұрып күн сайын,
Осы тілге табынбайды құр басқа. (А. Пүгінеки.)

Бақ тіліңді, аздан сойле, мұра — сол.
Сонда аман-сау, тек жүресің, рас — ол.
«Адамды отқа күйдіретін тіл екен,
Өзіңді оттан сақта!» деген Расул. (А. Пүгінеки.)

Қызы тіл қысқартады қайран жасты,
Қылады, байламасаң, ойран басты. (Ю. Баласағұни.)

Тіл баққан — тыныштық бір өмір еді,
Бір күні басыңды тіл кеміреді. (Ю. Баласағұни.)

Білімсіздер тіліне берік болсын,
Білімдінің тіліне ерік болсын. (Ю. Баласағұни.)

Ұқ, патшам! Тілден бәле жиылады,
Тамыры тіршіліктің қиылады. (Ю. Баласағұни.)

Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі — тіл, бірі — ділің жүректегі. (Ю. Баласағұни.)

Көп сойлеген қалай да жақсы емес. (Құттып.)

Байыпты сөздер бір-біріне ұқсап тұрады. (Құттып.)

Мың батпан жүк көтерген кісі бір ауыз сөккен сөзді көтере алмайды.
(С. Сарайи.)

Жаққанда түтін шалынады,
Айтқанда сыр алынады. (М. Қашқари.)

Тіл пайдасы — ұнан-тоңіз,
Зиясы да сонша деңіз. (Ю. Баласағұни.)

Қамны жарасы тез бітер,
Сөз жарасы бітпес. (Ю. Баласағұни.)

Брың-жырың сөз қозса, сонған отты өршітер. (Ю. Баласағұни.)

Тіл біреуді көтерсе, біреудің түбіне жетеді. (А. Пүгінеки.)

Тіл сақтанғанды сақтайды. (А. Пүгінеки.)

Тіл жарасы бітпейді,
Оқ жарасы бітеді. (А. Пүгінеки.)

Білмеген сөз сыңайып ис табады:
Болса да көк асанда — жер қабады. (Ю. Баласағұни.)

Көп сөз сөз: бет-жүзіне қарамаса,
Бөс сойлеп көңіліңді жараласа. (Ю. Баласағұни.)

Аз сөз сөз: көңді сөзің дайып тосса,
Жауабы сұрағымен қайымдасса.
Төп ойлап, жақсы сойле — нұсқа болсын,
Сұраса — жауабың да қысқа болсын. (Ю. Баласағұни.)

Көп тындан, көп сойлеме, көріп отыр,
Сөзіңді білімменен өріп отыр. (Ю. Баласағұни.)

Данадан, қанып сөзің бұлағынан,
Наданың құйса болар құлағынан. (Ю. Баласағұни.)

Естіп аң үлкен есті кісілерден,
Таңдан айт ұстамдыға кішілерден. (Ю. Баласағұни.)

Сөздің де «естісі бар, есері бар»,
Сөкпе тым — көкейіңді кесері бар. (Ю. Баласағұни.)

Жақсы сөз көңіл-ойды үдіреді,
Қыңыр сөз амалсыздан күйдіреді.
Әділ сөз пайдасы көп тебіренгер,
Бәрі де қысқ сөздің кері кетер. (Ю. Баласағұни.)

«Мылақа» боп аталады үндемеген,
«Мылаңық той» малтаны сәін күнде жеген. (Ю. Баласағұни.)

Сөзі өтірік адамдардан алыс жүр,
Жолмен тура, шыныалдықпен өмір сүр.
Тіл мен жақтың пағыл көркі — шын сөзі,
Шынын айтып, бұл сөзіме құлақ тұр. (А. Пүгінеки.)

Асыл сөз аз болады,
Қалжың сөз көп болады;
Өнерлен жаздым кітап сөз түйерлік,
Сан толған, бірін азым ел сүйерлік.
Асыл сөз аз болады, қалжың көп қой —
Боз — арзан, шайы — қымбат бір жерлік. (А. Нұсіеки.)

Бақ тілінді, ойлағаның сөз болар,
Көп сөйлеген сөздің мәні аз боар. (Ю. Баласағұни.)

Айта берме сөз біткеннің бәрін де,
Обдан сөйле, таңдан дәмін, нәрін де. (Ю. Баласағұни.)

Беземе тілді бекер — болар қамшы,
Дәрісі оның у гөй бір-ақ тамшы. (Ю. Баласағұни.)

Тіл мен сөз — көңілдің айнасы. (Ю. Баласағұни.)

Жаңылмайтын жақ бар ма, айтшы тыңдайың,
Жаңылғаның көрдім түмен маңдайың.
Сөйлеген сөз жаңылың та кетесің,
Ойлы кісі түзетеді қатесің. (Ю. Баласағұни.)

Тіл — жаман-ды: «сөзден-түген» деп қояр,
Кісі — күншіл: бориналар да жеп қояр. (Ю. Баласағұни.)

Сенімді сөз — білгендерден қалған сөз,
Жаныңа қор — қашан-дағы жалған сөз. (Ю. Баласағұни.)

Айтылады тізменен сөз, сыр — ішің,
Жақсы сөз де білсең — бедел, ырысың. (Ю. Баласағұни.)

Тыңдауға білімдарды тұрады аса,
Сен бұрын тіл беземе — сұрамаса...
Тіл қатқан бекке барып тектен-текке,
Сапалар миғұла боп ол теңтекке.
Сөздің бүгін ұста бірақ онда:
Айтарың әдейілеп сұрағанда. (Ю. Баласағұни.)

Сөздері білімдардың қартаймайды,
Ағысты мөлдір бұлақ ортаймайды. (Ю. Баласағұни.)

Ойлы сөз көпті ұтады,
Ойсыз сөз басты жұтады. (А. Нұсіеки.)

Әдеп басм — тіл. (А. Нұсіеки.)

Ілгі іетің басы — тіл. (М. Қашқари.)

Сөздің бәрін тыңда, көрегін ал. (Ю. Баласағұни.)

Ірі сөзге — ізетті жауап. (Ю. Баласағұни.)

Қоң сөйлеме — азбен келтір пінін,
Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін. (Ю. Баласағұни.)

Сөз білгенге патша тағы тиеді,
Көп сөз басты жерге әкелін педі. (Ю. Баласағұни.)

Тілінді бақ, сонда басың сақталар,
Сөзді қысқарт — жас ұларын (бақ қонар). (Ю. Баласағұни.)

Көп бұлшыбе: тіл пайдасы мол өзі,
Бір мақталың, бір датталар ол — өзі. (Ю. Баласағұни.)

Туған — өлер: бәріне атақ келмейді,
Жақсы сөзі қалған адам өлмейді. (Ю. Баласағұни.)

Шайыр сөзі тәтті-ау талман жұтардай,
Дәм мен исі, ұрсаң, таза жұтардай. (Ю. Баласағұни.)

Көп сөз құлаққа жақнайды,
Ақылды адам өз сөйлейді. (Ю. Баласағұни.)

«Тыңдан жүріп толар ақыл дорбасы,
Көп сөйлесе — ұшар ердің қор басы.
Тыңдай білсе — қанар құлақ құрышы,
Көп сөйлесе — қанар адам ырымы». (Ю. Баласағұни.)

Айтылмаған сөздерің — сағ алтындай,
Тістеп шықса — қалар бақыр қалында-ай. (Ю. Баласағұни.)

Тамақ тәнді семіртеді,
Сөз жанды семіртеді. (Ю. Баласағұни.)

Тыңдан ал ескінің сөзің:
Есіңде ұста — ашылар көзің. (Ю. Баласағұни.)

Дәмді сөз үнсен-кішінің бәрін де елітеді. (Ю. Баласағұни.)

Өнер алды — тіл. (М. Қашқари.)

Айтар сөзді алдымен ойлап ал. (Қорқыт.)

Тіліңді аузыңда сақта. (С. Сарайи.)

Кісіні тіл көтерер,
Кісіге құт — тілден. (Ю. Баласағұни.)

Бас кетпесін — сөзіңді бақ күзетіп,
Тіс сымбасын — тіліңді бақ түзетіп. (Ю. Баласағұни.)

Саулық тілеп, табыс күтсең ісіңнен —
Жақнайтуғын сөз шығарма тісіңнен. (Ю. Баласағұни.)

Байып сөзден түскен пайда көрмедім,
Көп те болса, ешбір түсім термедім. (Ю. Баласағұни.)

Егер де қызыл тілің сөйлей білсе —
Пайда көп — оны халық құлаққа ілсе. (Ю. Баласағұни.)

Бас сөзбен қараңғы адам семіреді,
Сөз әдет қара басты кеміреді. (Ю. Баласағұни.)

Бектер сөзін айта бөрме (басқа сын!) —
Қайталама жақсы сөзден басқасын. (Ю. Баласағұни.)

Жалған айтпа (жоғалт ойдан мұныңды),
Ол сөз дереу түсіреді құныңды. (Ю. Баласағұни.)

Өлгендерден өспет боп сөз қалар,
Міне, саған өспетім ой салар:
Өспет сөз — сөз гоһ халық іздеген,
Одан пайда түсіп тұрар жүздеген,
Бү сөзімді «шпанайы сөз көні» де,
Оны ұмытпа, ұмытпай жүр мені де. (Ю. Баласағұни.)

Кісі баласы сөйлескенше,
Жылқы баласын кісескенше. (М. Қашқари.)

Айтар сөзге тұнғанғаның —
Ноқтаға басты ұсығаның. (М. Қашқари.)

Тіл жарасым көп жүрер. (Ю. Баласағұни.)

Үндемей тұрған адамның өнері де білімбейді,
Кемшілігі де көрінбейді. (С. Сарайи.)

Қатө сөйлеп, кейін өкінгеннен гөрі тек тұрған жақсы. (С. Сарайи.)

Тәрбие басы — тіл. (М. Қашқари.)

«От» — дегеннен ауыз күймейді. (М. Қашқари.)

Қымыштай тілмен жаһанды жеңуге болады. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Тіл — қымыштан да өткір. (Ю. Баласағұни.)

Тіліне шамасы келмегеннің беделі болмайды. (Ә. Науаи.)

Көңіл қазынасының құлы — тіл,
Ол қазынаның кілті — сөз (білі). (Ә. Науаи.)

«Ешкімге айтпа!» — деп кісіге сөз айтпа. (С. Сарайи.)

Көп сөзге көрсетілген қонаметтің пайдасы аз. (*«Алтын шежіре».*)

Ұш аңызды кісі қостаған сөзді қай жерде де айта беруге болады. Егер олай болмаса, ол сөзге сенуге болмайды. (*Рашид-эд-дин.*)

Өз сөзіңді кез келген білікті кісінің сөзімен салыстар: әуендес келсе — айта бер, қайшы келсе — қысқарт. (*Рашид-эд-дин.*)

Ойлап айтқан сөз де оралмайды,
Ойнап айтқан сөз де оралмайды. (*Рашид-эд-дин, Қ. Жалаири.*)

Көп сөйлеген көп жеңілер,
Көп жеген көп жығылар. (*Ә. Науаи.*)

Пайдасыз сөзді көп айтпа,
Пайдалы сөзді азайтпа. (*Ә. Науаи.*)

Айтар сөзді айт,
Айтпас сөзден қайт. (*Ә. Науаи.*)

Шың сөз — нұсқа,
Жаңсыз сөз — қысқа. (*Ә. Науаи.*)

Тіліңді жаман сөзден сақта, жақсы сөзге үйрет. (*М. Қашқари.*)

Айтқаныңды қайталама: алуаны да бірақ рет жойді. (*С. Сарайи.*)

Інші сырыңды тілің білдіреді,
Шіріген жаңғақты жеңілдігі білдіреді. (*С. Сарайи.*)

Аған басына жел тиер,
Көрікті кісіге сөз тиер. (*М. Қашқари.*)

Бұтағы көп ағашқа құс қонады,
Көрікті әйелге сөз ереді. (*М. Қашқари.*)

Сөзіне сүйсінсең, өзіне құл боласың. (*М. Қашқари.*)

Жырақ жер хабарын (сөзін) керуен әкеледі. (*М. Қашқари.*)

Шақса — тұтанар,
Естілсе — білінер.¹ (*М. Қашқари.*)

Тәтті тіл дастарқанға жеткізеді (арабшасы: «кісі тілінің астында тұрады» деген);
Сөз табақтан (тамақ) ішкізеді; (*М. Қашқари.*)

Ақынның тілі — қылмыстан отыр, қылдан жіңішке. (*Ю. Баласағұни.*)

Шын айтылған сөз — күнті,
Ойнап айтылған сөзді орындауға болмайды. (*Қ. Жалаири.*)

Өмірден баз көшкен көңілдегісін айтады. (*С. Сарайи.*)

Көп сөйлеген дөмсіз сөйлейді. (*Баһыр.*)

Сөз — ойдың көрінісі. (*Ю. Баласағұни.*)

Дүние тез өтеді,
Сөз мәңгілік қалады. (*Ю. Баласағұни.*)

Сөз адамды ұлы да қылады, масқара да қылады. (*Ю. Баласағұни.*)

Жанды сөздің жанының білім маздатады. (*Ю. Баласағұни.*)

Бақытыңды қорғасаң — жаман сөзді қолданаба. (*Ю. Баласағұни.*)

Адамның өзі оледі, сөзі қалады. (*Ю. Баласағұни.*)

Алтып, күміс илған — бай емес, сөз білген адам — бай. (*Ю. Баласағұни.*)

Сөзде де у болады. (*Ю. Баласағұни.*)

¹ Түпнұсқасы: «шақса — тұтанар, шалса — білінер» («шақсақ тае, шақса — от тұтанады, айтылған сөз дүлиққа шалғанда — айтқан кісінің оны белгілі болады деген мағынада айтылып тұр»).

Жақсының та, жамандық та — бәрі сөзден. (Ю. Баласағұни.)

Айтылған сөзді қайтарып ала алмайсың. (Ю. Баласағұни.)

Ердің жүзін күйдіретін нәрсе — тіл. (А. Нүсіпбекі.)

Ауыз бен тілдің көркі — сөз. (А. Нүсіпбекі.)

«Қисық отырып тұзу сойлейін» депті бір кісі. (Құтып.)

Тілді көп ойпатпа. (Құтып.)

Тілін тұл билмеген басын ерте жоғалтады. (Ю. Баласағұни.)

Тіл — елшінің қылышы. (Ю. Баласағұни.)

ДІН ЖӘНЕ ДІНИ СЕНІМДЕР

Дін мен дүниенің бірігуі қиын. (Ю. Баласағұни.)

Дұға оқып ақша алған кісі әулие болмайды. (С. Сарайи.)

Бір тойынның¹ басы ауырды екен деп, барлық тойынның басы ауырмайды. (М. Қашқари.)

Бұлт та бұйрықпен жауады. (Р. Хорезми.)

Жауырын бұзылса — ел бұзылғаны². (М. Қашқари.)

Жауырыңа келген бәле елге де келеді. (М. Қашқари.)

¹ Тойын — Шығыс елдеріндегі ислам дінінен басқа дінді ұстаушылардың діни басшысы, буддалық монах, бұтқа табынушылардың діни жетекшісі.

² Бұл жердегі жауырын сөзі малдың (қойдың) жауырын сүйегіне қарап жору (болжам) жасайтын діни ұғымға байланысты (шаман діні бойынша) «сол болжам бұзылса, қауым да бұзылады» деген ұғымда қолданылып тұр. Ол кезде жорыққа шығар алдында (т. б. маңызды бар істерге кірісер кезде) жауырыңға қарап бағам алатын болған.

Күшіген (тазқара) ысқырса, адам өледі. (М. Қашқари.)

Ібілістің сөзіне сеніп болмайды. (М. Әлі.)

Тойын табынғанмен тәңірі риза болмайды. (М. Қашқари.)

Адам ойлайды — алла шешеді. (Көне қыпшақ ескерткіші.)

Түнде бұлыт өртенсе —

Әйелі ұл тапқандай болар.

Таңда бұлыт өртенсе —

Үйге жау шапқандай болар¹. (М. Қашқари.)

Тағдырды тәңірі жасар,

Адам баласы олу үшін туады. («Орхон жазу ескерткіші».)

Халыққа «дүние-малдан безу керек!» деп, шариғат үйреткен кісі ақша тауып, алтын жинап — озады. Оған сенген адам босқа тозады. (С. Сарайи.)

Мекеге бара жатқан сорлының жолында кездескен бір бұтаның көлеңкесі де сұлтанның шатырындай көрінеді. (С. Сарайи.)

Тәуба қылу арқылы құдайдың қаһарынан құтылып кетуге болатын шығар, бірақ жұрттың сөзінен құтыла алмайсың. (С. Сарайи.)

Дүниені тымбай кезсең — білесің:

Тнер саған жазмышыңағы үлесің. (Ю. Баласағұни.)

Кім құдайдан безсе, шайтан соны сүйеді. (Ю. Баласағұни.)

¹ Діни ұғымдар мен ырымдарға байланысты айтылады.

Ұмайға¹ табынса — ұл туады. (М. Қашқари.)

Күнің бізге жеткенмен құдайға жетпейді. (С. Сарайи.)

Дінгер ердің қажетін сен өтесен, сенің мұғдар ісінді
құдай бітіреді. (С. Сарайи.)

Өмірде қилнат жасағанның қиямет-қайымда қолы дірілдейді. (С. Сарайи.)

¹ Көне түркі халықтарының діни (ислам дінін қабылдағанға дейінгі) сенімі бойынша, Ұмай — әнел құдайы.



ТАБИҒАТ КӨРІНІСТЕРІ

Жаңа жылды наурыз білдіреді. (Ә. Науыс.)

Жақсы жаз шыққанда қысқа дайындап. (М. Қашқари.)

Ай туганда алдымен кінкентай көрінер. (Ю. Баласағұни.)

Қара түн күнге жуымас,
Суық су отқа жуымас. (Ю. Баласағұни.)

Жол айласа, қалмақ бұлт көшеді,
Нара кіріссе, қиын істі менеді. (М. Қашқари.)

Жаңбыр жерді жазбай атады,
Жаңғырық жаңалмай тіл қатады. (М. Қашқари.)

Түйнектен ағаш өседі,
Түйір дәннен қамба толады. (С. Сарайи.)

Қыстың қонақ ақысы — от. (М. Қашқари.)

Жұл піс өселеді, бірақ өзі піскемейді. (Құтып.)

Топыраққа байлаған жел тұрмайды,
Су мен жел бір жерге қосылмайды. (Құтып.)

Тау арқанмен бүгілмес,
Теңіз қайықпен бөгелмес. (М. Қашқари.)

Топырақ тобе болмайды. (Қорқыт.)

Сортаң жерге гүл бітпес.
Сортаң жердің жемісін жеген кісі жоқ. (Құтып.)

Қайда екенін су білер,
Барар жерін жекен білер. (Қорқыт.)

Ұрық алмаған жер өнім бермейді. (Құтып.)

Дария суын өңкім де ішін таумса алмайды. (Қ. Жалаири.)

«Суда белгі жоқ,
Аспанда із жоқ» деген екен бұрынғылар. («Монғолдың құпия шежіресі».)

Көл мен өзен тасиды,
Шөп пен ағаш жасиды. (Коне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Тасыған су көпіді тез бұзады. (Құтып.)

Су арықпен ағады. (Лутфи.)

Гүл арасы тікенсіз болмайды,
Тікен арасына да гүл бітеді. (Р. Хорезми.)

Татты¹ көзге ұр,
Тікенді түбінен жүл. (М. Қашқари.)

«Сүйегі бар» деп құрманш тастама: тікенсіз гүлді кім көрген. (Құтып.)

¹ М. Қашқари шығармасында тат сөзі кейбір халықтардың (ру, тайпалардың) асауы ретінде жұмсалды: ұйғырлар, парсылар т. б. мұсылман емес халықтар.

Құрма жемісі сүйексіз болмайды. (Құтып.)

Ағаштың жемісін жөймін десең, түбіне бапта шаппа. (С. Сарайи.)

Құзда қар таусылмайды,
Қойда май таусылмайды. (М. Қашқари.)

От түтінден барын жапады,
Бұлт жарқылдан барын жауады. (Құтып.)

Шөптің күші — сүттен мәлім. (М. Әлі.)

Оттың ісі — қуыру,
Желдің ісі — суыру. (Ө. Науаи.)

От түтінсіз болмайды. (М. Қашқари.)

Шырақ аласаң, жарығы молың ал: жарық жарықтан жаратылған. (Құтып.)

Аз от алауласа, шаһар өртейді. (С. Сарайи.)

Гүл тікенсіз болмас. (Лутфи.)

Тікенсіз гүлден пайда жоқ. (Құтып.)

Күнге қарағанның көзі қарығар. (М. Қашқари.)

Нәзіктің (сәмбі) талға жарасады,
Қаттылық қайыңға жарасады. (М. Қашқари.)

Мұздан су ғана тамады. (М. Қашқари.)

От пен су қосылмайды. (Құтып.)

«Теңізі құрығыр жақсы-ау, бірақ толқыны қорқытады» деген екен біреу. (С. Сарайи.)

Су өзінің орт сондіре алатынын білмейді. (Құтып.)

Бұлт өзеннен су алса ғана жауады. *(Күгын.)*

Суы көп бақтың жемісі көбейеді. *(Күгын.)*

Теңізде жүзсең табыс көп¹, бірақ тыныштық — жағада ғана. *(С. Сарайи.)*

Қанша тасып тулағанмен су теңізді толтыра алмайды. *(Қорқыт.)*

Жылға суы тасыса — тау тесіледі. *(М. Қашқари.)*

Асау өзен өткелсіз болмас. *(М. Қашқари.)*

Қуа келері көктемде белгілі,
Күз келері жазда белгілі. *(М. Қашқари.)*

Қалың түссе қар қыста, дөңге нәр боп құйылар,
Қыста жау жақ жай жатып, жазда қайта жылар. *(М. Қашқари.)*

Аспан тозбайды:
Жаралғалы бір тынбай көк күмбезді доңғалар,
Жұлдыздары жынырлап, күнді аударып түн келер. *(М. Қашқари.)*

Көк күмбесі — мәңгілік:
Туған адам өлер бір күн санды ұрып,
Күн мен жұлдыз мәңгі тұрар жаңғырып. *(М. Қашқари.)*

Көрем десең табиғаттай зергерді,
Әр күн сайла аралай бер әр жерді. *(С. Сарайи.)*

Қанша қалың жауғанмен,
Қар көктемге қалмайды,
Гүл жайнаған шалғын да
Қара күнге қалмайды. *(Қорқыт.)*

Қураған ағаш пілмес,
Қураған шыбық егілмес. *(М. Қашқари.)*

¹ Әңгіме саудагершілік жайында.

Аққан су қайтып оралмайды. *(С. Сарайи.)*

Тұман ұзақ тұрмайды,
Тұманды күн серпілер,
Тұманнан соң ашық күн тумай тұрмайды. *(Әбілғазы.)*

Тез гүлдеген шөп жылдам қурайды. *(Ю. Баласағұни.)*

Жел қайда тоқтарып білмейді. *(Р. Хорезми.)*

Дарақ бір жерде тұрып өседі. *(С. Сарайи.)*

Ағаш біткенді жүкті қылатып — жел. *(С. Сарайи.)*

Бақтағы гүлдер бір ашылып, бір жабылады. *(С. Сарайи.)*

Күннің көзін алақанмен жауып болмайды. *(Күгын.)*

Жеміс пісіп жетілгенше өседі. *(Күгын.)*

Күн шыққанда шамның керегі жоқ. *(С. Сарайи.)*





ЖАН-ЖАНУАРЛАР МЕН ХАЙУАНАТТАР

- Есектің жүгі жеңіл болса, тыныш жүреді. (С. Сарайи.)
- Есек ершінің (ер шабатын адамның) үйінен аспайды. (Құтып.)
- Есекке торқа (атлас) жапсаң да есек болып қалады. (Құтып.)
- Есек айтар: «Басым аман болса, ең дариыдан су ішермін». (М. Қашқари.)
- Адамға шабатын арыстаннан жүк тасатын есек артық. (С. Сарайи.)
- Қара есектің басына жүген салғанмен қашыр болмайды. (Қорқыт.)
- Қаның құлан басшысыз болмас. (М. Қашқари.)
- Құлан құдыққа құласа, құрбақа айыр болар. (М. Қашқари.)
- Кіші қанша жүйрік болса, аңшының да сонша сүйрік иттері бар. (Құтып.)
- Қазасы жеткен елік тұзаққа түседі. (А. Үзінеки.)
- Арыстанға түлкі айласы жараспас. (Құтып.)

Үңгірде жатып аңтан өлсе де арыстан иттің сарқытын жемейді. (С. Сарайи.)

Таза жүйрігін түлкі сүймес. (М. Қашқари.)

Шымырда тұрған арыстан жабайы жүрген арыстаннан гөрі «сауатсыз» келеді. (Ә. Науаи.)

Арыстан жемін бассалса, ит үргеннен не пайда. (С. Сарайи.)

Арыстан ақырса, ат аяғы тұсалар. (М. Қашқари.)

Арыстан тісіп «мамықтай жұмсақ» деме. (Құтып.)

Аңшы аңына қарап шығады,
Арыстан көргенін жығады. (С. Сарайи.)

Арыстан қартайса тышқан аулайды. (М. Қашқари.)

Тау басымда қабылап болмайды,
Кұдық суында балық болмайды. (Ю. Валасоғули.)

Бөріні шопаң қылсаң: «Қойды мен өлтіріп едім, жеуін түлкі жеді» дер. (Құтып.)

Бөрідеп — бөлтірік: қанша асырасаң да бір күні қанға бөліңді. (С. Сарайи.)

Бөрі қоңсысын жемейді. (М. Қашқари.)

Қырдә қасқыр ұлыса, үйдегі иттің бауыры сыздар. (М. Қашқари.)

Бөрінің табысы — бөкісте,
Құзғанның табысы — аған басымда. (М. Қашқари.)

Шопаң «құтқарып алайын» деп тартқыласа, қасқыр «қауын қалайын» деп тартқылайды. (Құтып.)

Талай бөрінің түбіне түлкі жеткен. (Құтып.)

Түлкі айтты: «Менің тазыдан қанып құтылатын мың да бір айлап бар. Соның ішіндегі ең тәуірі біреу-ақ: ол — менің тазыны көрмегенім, тазының мені көрмегені». *(Рашид-ад-Дин.)*

Түлкі өз ініне қарап үрсе, қотыр болады. *(М. Қашқари.)*

Жөгі өзектің ісін түлкі білер. *(Қорқыт.)*

Бір түлкінің терісін екі рет соймайды. *(М. Қашқари.)*

Қартайған ит жатып үреді. *(Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)*

Ит семірсе ісін қабады. *(Әбілғазы.)*

Құдықта су бар-ау, бірақ оған иттің тұмсығы жетпейді. *(М. Қашқари.)*

Ит ұлса, ұлтаныңды жалар ма еді. *(М. Қашқари.)*

Иттің шағыр көзі аттың шағыр көзіне ұқсас болғанмен, аттың көзі иттің көзіне ұқсамайды. *(М. Қашқари.)*

Ит біткен үйірілін қалады, керуен көшіп кетеді. *(Ә. Науаи.)*

Құтырған иттің демі де — баршаға аяни. *(Лутфул.)*

Тазының киікке жаны ашымайды,
Мысықтың көгерінінге жаны ашымайды. *(Ә. Науаи.)*

Ан ит от тана — асай береді: ісіннің түбесі ме, дажалдың есегі ме оған бәрібір. *(С. Сарайи.)*

(Ит) қақпаға келгенді қаппаса, қартайғанша қайғырады. *(Бабыр.)*

Базардың иті ауылдың итін қаламайды. *(С. Сарайи.)*

Жанынан безген мысық жолбарыстың көзін шығарады. *(С. Сарайи.)*

Майға қолы жетпеген мысық: «Адам асы жақпайды» дейді. *(М. Қашқари.)*

Мысықтың баласы милазан туады. *(М. Қашқари.)*

Дүірменде туған тынқан күннің күркірегенінен қорықпайды. *(М. Қашқари.)*

Бас түйенің жетегін әлдеқалай ұстай қалған тынқан, бүкіл керуенді бастайды. *(Құтып.)*

Түлкілік кірпіге жараспайды. *(Құтып.)*

Айыланның сырты — жылтыр, іні — ұлы. *(А. Нүсіеки.)*

Тылан қанша қанса да жұтар жауы алдынан шығады. *(М. Қашқари.)*

Жылан өз бойының пір екенін білмейді, түйенің мойнын пір дейді. *(М. Қашқари.)*

«Икүменің» деп аяланға сөйбе. *(А. Нүсіеки.)*

Қымылған жерде қойи да арыстанның ісін істейді. *(Құтып.)*

Балақтың өзі суда, көзі сыртта. *(М. Қашқари.)*

Ара тисең шағады. *(М. Қашқари.)*

Бәи қайда болса, ара сонда. *(А. Нүсіеки.)*

Маса жабылса, пілді де білемдер.
Құмырысқа қантаса, арыстанды да арсалар. *(С. Сарайи.)*

Құмыреқа қыста тоқ жату үшін қорегін жазда жинайды. *(С. Сарайи.)*

Шани ініне тынқан синайды. *(Құтып.)*

Құс тұзаққа жем үшін түседі. *(М. Қашқари.)*

Қу тамақтың қамы болмаса, құс тұзаққа түспейді. *(С. Сарайи.)*

Үнқан құстың соңынан қуып болмас. *(Құтып.)*

Қыран қырылып қалды екен деп, ешкім де жапалаққа жалпақтамайды.
(С. Сарайи.)

Қыран сұңқарға жуымайды. (М. Қашқари.)

Қыран қуған торғай бұтаға паналайды,
Бұтаға паналаған торғай да аман қалады. («Алтын шежіре» «Монгол-
дың құпия шежіресі». Рашид-эд-дин.)

Лашын ұшудан қалса, қарғалар төбесін төседі. (Құтып.)

Күшіген жем көрсе, тік құлайды. (М. Қашқари.)

Жалғыз қаздың үні шықпас. (М. Қашқари.)

Қаз көтерілсе, үйрек қолді жайлайды. (М. Қашқари.)

Қаз аққуға қосылмас,
Қыранға бүркіт қосылмас. (Ю. Баласағұни.)

Қалың қаз басшысыз болмас. (М. Қашқари.)

Тұзақтан шоңыған құс қырық жыл бойы айыр ағашқа қонбайды.
(М. Қашқари.)

Үріккен үйрек жөбенің сабын көрсе де суға сүңгеді. (М. Қашқари.)

Тауыстың алғын көріп — айыптама.
Ұзақтың қарасын көрген соң мақта. (Құтып.)

Құдай қылса, қораз да арыстан болады. (Құтып.)

Көгерінің ұшса, үйренген жеріне қонады. (Құтып.)

Гүлді көргенде бұлбұлдың өзі-ақ сайрайды. (Құтып.)

Бұлбұлдан опа күтпе:
Әр гүл сайын әр түрлі сайрайды. (С. Сарайи.)

Көруеннің түңгі жүрісін бөзторғай біледі. (Қорқыт.)

Қырман көтеру — шымшықтың ісі емес. (М. Қашқари.)

Шымшық безгек болмайды. (Бабыр.)

Қарға қазға ұқсаса — аяғы сывады. (М. Қашқари.)

Қарға әп болса, тұзаққа түседі. (М. Қашқари.)

Бір қарғамен қыс келмес. (М. Қашқари.)

Қарғаның жасын кім біледі. (М. Қашқари.)

Мың қарғаға — бір несек. (Ә. Науаи.)

Аушы кеткенде қарға тордағы жемге қарайды. (М. Қашқари.)

Қымылған қарға мұзды шоқып төседі. (М. Қашқари.)

Құс жаманы — сауысқан,
Ағаш жаманы — итмұрын. (М. Қашқари.)

Сауысқан сүймесе — гүл қайғырмайды: оны бұлбұл қатты сүйеді.
Жарғанат сүймесе — күннің нұрына нұқсан келмейді. (С. Сарайи.)





ТӨРТ ТҮЛК

Тұсаулы мал ұзамас. (Ю. Баласағұни.)

Сәйгүліктің арқасын жауыр қылма. (М. Қашқари.)

Ит қанпас деме,
Ат тешес деме. (М. Қашқари.)

Жақсы ат ашта да шабады, тоқта да шабады. Тек қана тоқ кезінде шапқан ат, жақсы ат емес. (Рашид-эд-дин, Қ. Жалаири.)

Айт жеткізін білімдіге мұны ұғар:
«Кұлын ат боп, қысырақ та тынығар». (М. Қашқари.)

Судығы бар ат жер тарпымайды. (М. Қашқари.)

Сорлы есектің құшы жоқ — жүк көтерер күші қымбат. (С. Сарайи.)

Ат шабады — ер шаттанады. (Қорқыт.)

Ат төбелі ай болмас. (М. Қашқари.)

Аңдыз болса — ат өлмес. (М. Қашқари.)

Арпасыз ат қыр аспае. (М. Қашқари.)

Ат пен есеке мүйіз шығып жарытпайды. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Соқыр құлын аттан емшек іздейді. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Қотыр ат көлік болмас. (М. Қашқари.)

Ер — атымен,
Күе — қанатымен. (М. Қашқари.)

Арабы сәйгүлік қанша көтерем болса да бір үйір есектен артық. (С. Сарайи.)

Жабы семірее — желігіп бітеді. (Ю. Баласағұни.)

Екі қонқардың басы бір қазанға сипайды. (М. Қашқари.)

Ширақ ешкіні жақсы жартас құтқарады. («Алтын шежіре».)

Серкеш еті — ем болар,
Ешкі еті — жел болар. (М. Қашқари.)

Қорада лақ туса, өрісте оты өнер. (М. Қашқари.)

Өгізге мойыншұрық кигізбесе, қамбаға бидай тола ма? (Күтты.)

Үйдегі бұзау өгіз болмас. (М. Қашқари.)

Болатын бұзау өгіз арасында белгілі. (М. Қашқари.)

Өгіздің аяғы болғанша, бұзаудың басы бол. (М. Қашқари.)

Кәрі өгіз балтадан қорықпайды. (М. Қашқари.)

Сұзеген смирға құдай мүйіз бермейді. (М. Қашқари.)

Түйе жүкті көтере алса, помінті де көтереді. (М. Қашқари.)

Түйенің өзі дәу болғанмен, құмалағы дәу болмайды. (М. Қашқари.)

Іцген ыңыранса, бота боздар. (М. Қашқари.)

Алыс жолдың іздерін түйе білер. (Қорқыт.)

Түйе сілкінесе, есекке жүк шығарды. (М. Қашқари.)

Екі бура таласса, ортасында шыбын өледі. (М. Қашқари.)

«Түйені тепкімен жұмсау үшін ұстайды» депті біреу. (С. Сарайи.)

Түйеде жоқ ерлік, арыстанда болады. (С. Сарайи.)



ӨМІР ОТКЕЛДЕРІ

УАҚЫТ

Түн қанша ұзақ болса да таң атады. (Р. Хорезми.)

Тірі адам талайды көреді. (М. Қашқари.)

Заман өтер — кісі тоймас,
Адам баласы мәңгі қалмас. (М. Қашқари.)

«Сау болсақ, кездесерміз!» депті Бұйрық хан (әскер басшыларының бірі).
(Рашид-эд-дин.)

Көшігін қалған қарыздың аяғы шығады (яғни, аяғы ұзарып кетеді;
қарыз берген адам қарызын қайтарып алу үшін сандалып көп жүреді).
(М. Қашқари.)

Өткен күн қайтып оралмас. (Ю. Баласағұни.)

Жүз есе тырыссаң да, мезгілі жетпей іс бітпейді. (Құтып.)

Жаладан уақытсыз өлмес болар. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Уақыты өткен бирудың сыны болмайды. (М. Қашқари.)

Күнді уақыт тездетіп, адамның күшін жемірді,
Өлімнен қашып құтылмай, ер кетті тастап өмірді. (М. Қашқари.)

Уақыт жөпі осылай — бәрінен күшті шынында,
Өлімнен қашып құтылмай, ер кетті тастап өмірді. (М. Қашқари.)

Зейінді ұғар: ай мен күндер озады,
Әр күн сайын әрбір нәрсе тозады. (Ю. Баласағұни.)

Жаңағы уақыт соққан желдей тез өтер. (А. Нүсіеки.)

Ол көірді су өкеткені қай заман! (ертерек кезде өтіп кеткен жағдаяттар жайында айтылатын нақыл сөз). (М. Қашқари.)

Су өкелетін кез — көзені сындырып алатын кез емес. (Ә. Науаи.)

Тірілілік күн сайын азаяды. (Ю. Баласағұни.)

Әр қамалдың ақыры — харап болу. (А. Нүсіеки.)

Тірі адам тілеп жүрсе, бір табысар. (Ю. Баласағұни.)

ЖАСТЫҚ ПЕН КӘРІЛІК

Жасында тырысқан — қартайғанда қуанады. (М. Қашқари.)

Уақыт жасты қартайтса — опа-далап ар емес. (М. Қашқари.)

Лақтың жілік майы жоқ,
Баланың білік ойы жоқ. (М. Қашқари.)

Жасым үлкенді қадіресе — құт болар. (М. Қашқари.)

Ер өккен сайын қамы побейер. (Ю. Баласағұни.)

Қартайған қызға ту сыртынан қара. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Кәріге жігіттік қылған жараспайды. (Қутып.)

Қартайғанда жігіттік қайта оралмайды. (Қутып.)

Қарттың сөзі (ескерусіз) қалмайды,
Жас шыбақтан тоқылған жазылмайды (таркатылмайды). (М. Қашқари.)

Ақылсыз қарт өкінішпен қартайар,
Есті қарт қайғырмай-ақ қартайар. (Ю. Баласағұни.)

Ұлғайған сайын асаулық қаза береді. (Қутып.)

Жастың күші — байлықты қуып келетін жел. (Қ. Яссауи.)

Жасым жас өкініп өседі,
Қайратты қарт тыным өмір кешеді. (Ю. Баласағұни.)

Кіші үлкеймен көріспес,
Қыргы сұңқармен көріспес. (М. Қашқари.)

Сау (адам) ауырады,
Жас (адам) қартайды. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

«Жігіттік қайта келсе, алақандан ұстар ем» деген екен біреу. (Ю. Баласағұни.)

Жігіт адамға қуаныш жараспайды. (Қутып.)

Жастық өз уақытын білмейді. (Р. Хорезми.)

Жігіттенген — желбуаз келеді. (М. Қашқари.)

Балалар ойноп жүріп су төгеді,
Қарттар тайым жамбасын сындырады. (М. Қашқари.)

Түнде жүрген күнді қуанар,
Жас үйленген ұлғайғанда қуанар. (М. Қашқари.)

Баланың ісі — іс болмас,
Лақ мүйізі (шанықса) сан болмас. (М. Қашқари.)

Жас баланың қарны тойса, қатарын іздейді. (Ю. Баласағұни.)

Жігіттік — абзалы ғой бар өмірдің,
Жоғалар оғындай боп о да мұрдың. (Ю. Баласағұни.)

Ең тәтті кез — жігіттің шағы да,
Нігілтің о да берген бағы да. (Ю. Баласағұни.)

Жас адам қартайды,
Жаңа нерсе ескіреді:
Шадымен шақ ескен желдей тез өтер.
Жас қартайып, жаңа ескіріп, күн қайтып,
Қуатты бел бүгілетін кез жетер. (А. Нұсіеки.)

Еш жаңылма, болсаң әділ ойда өгер,
Бос жіберме жігіт кезді — пайда көр.
Бұл бағалай: жүрмес жастық қалтаңда,
Өтер өмір тістей қатып қалсаң да,
Жас жігерге табып, білсең сол барын,
Бос өткізбей ізде зейнет жолдарын. (Ю. Баласағұни.)

Жас та келіп қырықпенен астасар —
Сол уақытта жігіттік те қостасар. (Ю. Баласағұни.)

Адыңа жаста өмірдің дәмі кетеді:
Жас саумалап адыңа да дәмде өтер,
Жазы қыс боп, бұл өмірден дәм кетер.
Тәтті өмір жоқ, өшер кеуде оты да,
Адың қалар жігіттіктің аты да. (Ю. Баласағұни.)

Қорлық жоқ кәрілікте, бірақ — жемір,
Бос тірлік өтіп жатыр, өлексе өмір. (Ю. Баласағұни.)

Кәрілік келсе — жігіттіктен көл үз,
Өзен кері қарай ақпайды. (С. Сарайи.)

Қырық жасында өдеп пен ақилы болмаған адам — адам емес (С. Сарайи.)

«Балалық өтті» дегенше,
«Жігіттік кетті» десеіші. (Ю. Баласағұни.)

Қартайсаң — жастықпен қостас. (С. Сарайи.)

Жасыңда оқтай тұзу болсаң да, қартайғанда жақтай підесің. (Ю. Баласағұни.)

Жас бала бір тістем шөкерге де алданады. (Құтып.)

«Жігіттік» деген қызыл гүл, солмайын десең — үйлен. (С. Сарайи.)

ӨМІР МЕН ӨЛІМ

Мың жасауға да болады,
Он сегіз жыл жасауға да болады. (Ю. Баласағұни.)

Көркейгеннің аяғы — қор боп қалу. (А. Нұсіеки.)

Адам мәңгі жасамас,
Көрге кірген кері қайтпас. (М. Қашқари.)

Бұл дүние — момындардың амыданы. (М. Әлі.)

Бұл тіршілік тек қана інін-жеу үшін берілмеген. (С. Сарайи.)

Тіршілікке себбе — желдей өтер. (Ю. Баласағұни.)

Ағатын су тоқтамайды,
Жүйрік тіл тоқтамайды,
Бақыт тоқтап тұрмайды,
Тіршілік тоқтамайды. (Ю. Баласағұни.)

Саусақтағы сақинаңды бір айналдырғанша дүние жүз айналады (өзгерді). (Рашид-эд-дин.)

Үміт соңы — ажал. (А. Нұсіеки.)

Жаның түгел шықса да, үйкен үмітті жоғалтпа. (Ю. Баласағұни.)

О жалғаннан орлау жоқ. (Рашид-эд-дин.)

Тек жүрмесің, көп ойласып тірі адам,
Өмір, өлім арасы — тек бір адым. (Ю. Баласағұни.)

Ей, білікті, ажал тақан қалғанда,
Таусылады өлшен берген талқан да. *(Ю. Баласағұни.)*

Өміріңді байлық қыл — пайдасы болсын ізгілік. *(Ю. Баласағұни.)*

Ажалдан ешкім қашып құтыла алмайды. *(Құтып.)*

Тәңіміз түбінде бір тонырақ болады. *(Р. Хорезми.)*

Бұл өмірдегі ең соңғы баратын жер — қор. *(Құтып.)*

Өлетін кісіге ем қонбайды. *(Ю. Баласағұни.)*

Кім құтылды өлімнен қашып,
Кім сызылды уақыттан асып. *(Ю. Баласағұни.)*

Мола — тұрақты үй. *(Ю. Баласағұни.)*

Қара шаңғың ақтығы — бір өлімнің хақтығы. *(Ю. Баласағұни.)*

Туған — өледі. *(Құтып.)*

Өлімнен басқаның бәріне ем бар, өлімге ғана ем жоқ. *(Ю. Баласағұни.)*

Тоқ та кетер дүниеден, аш та кетер. *(Ю. Баласағұни.)*

Тірілік тұтмды таусылады. *(Ю. Баласағұни.)*

Туған кісі олу үшін туады. *(Ю. Баласағұни.)*

Жаралмақ бар да, жоғалмақ бар. *(Ю. Баласағұни.)*

Кісі қайда оларін білмейді. *(Р. Хорезми.)*

Қадірі өлген соң білінер. *(Р. Хорезми.)*

Өмір қандай тәтті болса, өлім сондай ащы. *(Құтып.)*

Бү дүние көздің жауын, нұрды алар,
Жасапш ан жас келіндей ыргалар.

Қуантар да, жалған сазар сүрінге,
Теріс қарар мәз қып қойып бір күнге. *(Ю. Баласағұни.)*

Бү дүние — бір керуен сарай-ды,
Көтетіндер түсіп, содан тарайды.
Алты тілек көніп ұзап кеткенде,
Көліп түсіп тілек соған қарайды. *(А. Нүсіеки.)*

Сүр аялаңдай дүние алдан-сулар-ды,
Сырты — жылтыр, ішінде оның у бар-ды,
Жылдан — жұмсақ, пейлі — зұлым, арам, лас,
Сенбе, аяқ жүр, құрт осындай қуларды. *(А. Нүсіеки.)*

Сырт қараса, бүл дүние — тәтті аса,
Мың бәде бар ішкі сырш қаттаса.
Пағыз басы сол болады қатенін —
Сырттай сынап, құр сымбатын жаттаса. *(А. Нүсіеки.)*

Дүние желек көтеріп, бетін де ашар,
Құшақ жап, бірақ та дереу қашар,
Көктем бұлаты сипқты, көрген түстей
Көнер бақыт келеңсіз, құстай ұшар. *(А. Нүсіеки.)*

Туралап ажал келгенде, «жарлы, бай» деп қарамас. *(Құтып.)*

Ажал анық болса да, мезгілі жетпей ер өлмес. *(Ю. Баласағұни.)*

Өлмей тұрып өлімді ешкім білмейді. *(Құтып.)*

Ажалдан аман қалатын адам жоқ. *(Р. Хорезми.)*

Тумақ бар да, өлмек бар. *(Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)*

Ем өлімнен алып қалса, емшілер мәңгі жасар еді. *(Ю. Баласағұни.)*

Ажалсыз ерге өлім жоқ. *(Ю. Баласағұни.)*

Ажал жетпей өлмек жоқ. *(Қарғыт.)*

Өлген қайтып тірілмес,
Шыққан жан қайтып оралмас. *(Қорқыт.)*

Мыстан кемпір сипқты бұ дүние де қу: сені тәттімен алдайды. *(Құтып.)*

Дүние кейде бал береді, кейде ара боп шағады. *(Құтып.)*

«Дүние» деген — асау ат, байқаусызда төшесің. Ол тешпей тұрып, сен төп. *(Құтып.)*

Қайғы да өтеді,
Қуаныш та өтеді,
Дәурен де өтеді —
Тек өкініш қана қалады. *(Құтып.)*

Тағдыр — тала опасыз. *(Р. Хорезми.)*

Уақыт — опасыз. *(Р. Хорезми.)*

Дүние қалмас мәңгіге. *(Р. Хорезми.)*

Тағдырың бүгін — мұнда, ертең — анда. *(Ю. Баласағұни.)*

Бұ дүниеге еш уақытта да сенің болмайды. *(Құтып.)*

Дүние тауқыметінен екі-ақ адам құтылады: біреуі — әлі тумаған адам,
екіншісі — өлген адам. *(Құтып.)*

Бұрынғылар айтады екен:
«Оғыз көшпеген жыл бар ма,
Оғыз жайламаған жұрт бар ма?» *(Әбілғазы.)*

Дүние жемдей бағасыз,
Өмір күлдей бағасыз. *(Р. Хорезми.)*

Кісі еті тіріде тәтті (адам аман-сауында керек). *(М. Қашқари.)*

Адам — бір оқтық, өлтіру оңай, бірақ мың адам бір адамды тірілте
алмайды. *(С. Сарайи.)*

Кісінің көзін тіріде қанағат тойдырады,
Өлгенде топырақ толтырады. *(С. Сарайи.)*

«Ақалсыз адам олмес» — деп жыланды құйрығынан ұстама. *(С. Сарайи.)*

Барлық адамның тағдыры бір жерде түйіседі: құл да өледі қожайын да
өледі. *(Ю. Баласағұни.)*

Өткен өмірді қайтара алмайсың. *(Ю. Баласағұни.)*

Өмір — күшті, өлім оған да күшті. *(Ю. Баласағұни.)*

Бұ жалған қайтып алар берген сыйып,
Шанады жатаныңды, осы қып. *(Ю. Баласағұни.)*

Бұ дүние көлеңкедей алдайды,
Қусаң — қанаар, қансаң — сенен қалмайды. *(Ю. Баласағұни.)*

Дүние ісі сағым-елес сипатты-ай,
Өте шығар сауырынан сипатпай. *(Ю. Баласағұни.)*

Өмірдің бір ұзып-сонар жол болар,
Болса түйсік — жол азығың мол болар. *(Ю. Баласағұни.)*

Бұл өмірді берінті ғой азапқа,
Қызық қуып, бос өткізіп азайтпа. *(Ю. Баласағұни.)*

Екі-ақ күндік өмір ғой бұл мұнартқан,
Оны қуып несіне адам құмартқан! *(Ю. Баласағұни.)*

Бұл дүние уақытша әуре, далбаса,
Бір тоймайды айдаһардай жалмаса. *(Ю. Баласағұни.)*

Жатқан — тұрар, көтерілген — домалар,
Жарық — сонер, жүрген кісі — дем алар. *(Ю. Баласағұни.)*

Кісіні туған бойда өлім күтеді. *(Ю. Баласағұни.)*

Бұл өмірде екі есік бар: бірі өмірге қарай ашылады, екіншісі өлімге қарай
ашылады — бірінші есіктен кірген адам екінші есікке де кіреді.
(Ю. Баласағұни.)

Адам өмірі қылдан да жіңішке. (Ю. Баласағұни.)

Адам ісінің астарында өлім жатады. (А. Пүгінеки.)

Аллаһыма балаық құрғақ жерде де өлмейді. (С. Сарайи.)

Дүние желдей зулайды,
Өмір гүлдей қурайды. (Р. Хорезми.)

Тағдырыңды біл де күрес. (М. Қашқари.)

Қорынып өмір сүргенше, қу кедей боп өлген артық. (С. Сарайи.)

Адам баласы керуен сияқты: тоқтады, көшті де кетті. (Қорқыт.)

Қанша дана, білімділер толғанды:
Таба алмады таусылмайтын талқанды. (Ю. Баласағұни.)

Бәрі қалар — қорған, сарай, ордалар,
Ешкім оны қорғай алмай қор болар.
Соқса-дағы бәрін берік қалқан қып —
Өлім бұзар қара жер қып, талқан қып,
Қаншама кент, ұлыс, гүлзар, бақ бар-ды:
Өлім кеулеп түп-тамырын ақтарды.
Қалың көз мен әскері бар ер бопды —
Қолы тозып, өзі қара жер болды. (Ю. Баласағұни.)

Жалаңаш кеп, кетер адам жалаңаш,
Мал қалады, ол жатады жалаң аш. (Ю. Баласағұни.)

Қанша ел болды халқы жатқан емйыспай,
Бәрі кетті, жері қалды қуметай.
Қанша дана, қанша болды философ —
Мыңнан бірі қалды ма бір ұстай? (А. Пүгінеки.)

Адам көші керуендей тізілген,
Боп жігірмесе — көзі бар ма үзілген? (Ю. Баласағұни.)

Сен — керуен, дүние — бір сарай-ды,
Аялдама қанша күнге жарайды? (Ю. Баласағұни.)

Өмір, мола — екі жер гөй тоқтайтын,
Кісі барма, сірә, бұған соқпайтын.
Дүниеде осы екі жол — сара жол,
Жолың қайсы — қайда әкетіп барады ол? (Ю. Баласағұни.)

Саған да өлім дайын тұр гөй «жұтам!» деп,
Өмірінді өлшеп отыр тұтамдан. (Ю. Баласағұни.)

Ей, падишам, сарай салма қой, мұнда
Үйің дайын қара жердің қойнында. (Ю. Баласағұни.)

Ей, бес! Асқа — тыныш өмір қозғалар,
Мәз өмірің оттай соңың, тоз болар. (Ю. Баласағұни.)

Бет түзесе о жалған сапарына —
Ешбір дәрі жатпайды ем қатарына. (Ю. Баласағұни.)

Болғаннан соң мал, дүние, жаңдығың,
Ұлылыққа қол серметті барлығың.
Байлығың не? Көрге жалаң кіресің,
Қалар мұнда кісе, себет, саңдығың. (А. Пүгінеки.)

Елдің көзі малға бұрын түседі,
Малын айтқан, «мал!» деп асын ішеді.
Өзі өледі, мал қалады маңыран —
Жүрт ұлымы бөздеп көбін пішеді. (А. Пүгінеки.)

Өмір — тәтті бүгін қолың жеткенде,
Ұдай ащы ертең тастап кеткенде. (А. Пүгінеки.)

Төркі жалған құты қайда көгерсе,
Дереу алар тоз қайтарып не берсе. (Ю. Баласағұни.)

Сен көздейсің мал жинауды терін бір,
Өлім көздер сені ұстауды, көрін түр!
Өмір сәні сенен күнде қашады,
Түбірің жеп өлім аран ашады. (Ю. Баласағұни.)

Қанша мың жасаең да ажал арсыз,
Жынан аш бар байлықты қамаларсыз. (Ю. Баласағұни.)

Баянсыз өмір өтті борап, желдей,
Фанатін басын алды аққан селдей. (Ю. Баласағұни.)

Ей, сұм ажал, тым аяусыз жебіреің,
Бөгей алмас сені қару, не бір сын.
Кім құтылар — кең гоі сенің өрісің,
Жамап, жақем — бәріп жейтін бөрісің.
Жерге кірер жас адам да, кәрі де.
Ей, тірі жан, құтылу жоқ ажалдан,
Қанша жүрсең — сонша күтер ө жалған. (Ю. Баласағұни.)

Біреу өлер қылын сермен, қол жып,
Біреу өлер текке жатып қылынып. (Ю. Баласағұни.)

Қанша жүрдім: өмірім — бос, құр өкен,
Ақырында өлім күтін тұр екен. (Ю. Баласағұни.)

Түбінде ажал сөзсіз келіп қумар,
Тірі жанның шыбын жанып суыар. (Ю. Баласағұни.)

Өгеді бұ дүние, ілінбейді,
Өлер күн алдын ала білінбейді. (Ю. Баласағұни.)

Ұғымды — ұғар, білімділер — біледі:
Адам өліп, өмір қайта түледі. (Ю. Баласағұни.)

Гибрат — кісі өлімі ойлағанға,
Тәубе етіп, сәтті сабыр айлағанға.
Тірілер тіршілікте өріп жүріп,
Ойлаптар өлгендерді көріп жүріп.
Өлім көп алып ұрды оң жамбасқа,
Саған да болмас, сірә, қамданбасқа.
Өлді гоі сенен басқа мыңдан адам —
Сабақтың содан алар мыңдан адам. (Ю. Баласағұни.)

Бәрі түгел: күт пен бақыт алдаса,
Адам бірақ өзін құртып алмаса. (Ю. Баласағұни.)

Өлім келсе, өкінбей-ақ бара бер,
Зар қаққанмен естіртпейді-ау қара жер. (Ю. Баласағұни.)

Өмір өтті, міне, күндіз-түн демей,
Келер өлім келіп қалды үндемей. (Ю. Баласағұни.)

Туып едім жан-жалаңан тырдай боп,
Кетіп барам барлығынан асұрдай боп. (Ю. Баласағұни.)

«Интен шыққан жерге кірер!» дейді жұрт,
Бұла өскенді жер астында жөйді құрт. (Ю. Баласағұни.)

Не тұрады мынау адам — есіл ер:
Атақ қуып, ақыр тілі кесілер. (Ю. Баласағұни.)

Өлгендерден өсиет сөз қалады. (Ю. Баласағұни.)



ТҮСІНІКТЕР

(Авторлар мен ескерткіштер туралы қысқаша мәлімет)

Төмен келтірілетін (алфавит тәртібімен) авторлар (олардың еңбектері) мен ескерткіштерді региональдық тұрғыдан (жер жағдайына қарай) барынша шартты түрде бөлсе де мынадай топтарға бөлуге болады: **Шығыс Түркістан** өлкесіне жататындар (Ю. Баласағұни, М. Қашқари, А. Пүгінеси), **Батыс Түркістан**, яғни Орта Азия авторлары (Қ. Нассауи, Қорқыт, Рабғуан, Рашид-әд-дин, Әбілғазы) және **Алтын Орда** авторлары (Құтып, М. Әлі, С. Сарайи, Р. Хорезми, Қ. Жалаири). Сонда Орхон жазу ескерткіштері (Монғолия жерінен табылғандары) мен көне ұйғыр жазу ескерткіштерін («Алтын жарық» пен «Жору кітабы» қоса) бірінші топқа, Ә. Науан, Мутғайи, М. Палуан, Максиеви, Бабыр сынды ақылдарды екінші топқа, көне қыпшақ жазу ескерткіштерін үшінші топқа жатқызуға болатын сияқты. Хронологиялық (жазылу уақыты) жағынан алын қарағанда бұлар V—XVII ғасырлар аралығын қамтиды.

Жанрлық ерекшеліктері мен мазмұнына қоз жіберсек, бұлардың көбі — көркем әдебиет туындылары, онда да олоңдер (байыттар, рубайттар), Шежірелер тобы (Монғолдың құпия шежіресі», «Алтын шежіре», Рашид-әд-дин, Қ. Жалаири Әбілғазы, Бабырдың шежірелері) өзара ұқсас, іліктес және желілес болып келеді.

А. Пүгінеси (Әдіб Ахмед ибн Махмут Пүгінеси) — XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында өмір сүрген, «Пүгінеси» деген жер аты Орта Азияның әр жерінде-ақ кездеседі. Мысалы, Самарқанның маңайында («Юнәк»), Түркістан түбінде («Жүйнеси»), Ферғана өлкесінде («Юнәк») т. б. Ахмедтің дәл қай жерде туғаны белгісіз. Ол — туа біте зағи (жор соқыр) болған кісі. Көп оқын, үлкен білімдер атанған (әдіб — соқымдысты, жазушы» деген мағына береді). Түркі, араб әдеби тілдерін жетік білген, «Адиқат сыйы» (Хибат-ул-хақайқе) деген дидактикалық поэма (освет-нама) жазған. Дастанның түпнұсқасы жоғалып кеткен. Бергі кездерде жазылған үш қолжазбасы және олардың үш түрлі үзінділері бар: 1)

Сауран (оның бұзылған орна Сыр бойында, қазіргі Түркістан түбінде) қаласының әмірі Арыслан қоза тарханшы бұйрығымен Самарқанда 1444 ж. және ұйғыр жазуымен көшірілген нұсқа, онда 508 жол өлең бар. 2.) 1480 ж. Стамбулда екі түрлі жазумен (ұйғыр, араб) қатар берілген нұсқа — 506 жол өлең. 3) XIV—XV ғасырларда араб жазуымен жазылған — 494 жол. Үшеуі де Стамбулда сақтаулы. Алғашқы екі нұсқа оқара сұрыпталып Стамбулда (Н. Әсім, 1915 ж., Арат, 1951 ж.) және Ташкентте (Қ. Махмудов) екі рет (1971, 1972 ж.) басылып шықты. Соңғы көрсетілген нұсқа қазіргі қазақ алфавитімен транскрипцияланған, жазма-жаз (қара сөзбен) және өлең түрінде аударылған, арапша жазылған нұсқасымен қоса 1985 ж. «Ғылым» баспасында жарияланды.

«Алтын жарық» («Алтын йаруқ») — X ғ. шамасында будда дінін уағыздау үшін қытай тілінде жазылған кітаптың XVII ғ. аяғында (1678 ж.) Биш-Балиқ қаласында жасалған түркіше аудармасы. Оның аты ескерткіш тегісіндегі «Мемлекетті ақыл басқару жолдарын түсіндіру» деп аталатын тарауындағы «барша дүниедең биік тұрған білім патшасы алтындай жарқырайды» деген сөзден алынған болу керек. Аударманың бірнеше нұсқасы бар. Осы іспеттес тақырыпта қытай, санскрит (Индия) және монғол тілдерінде жазылған шығармаларымен әуендес келеді. Шет елдерде де, біздің елде де бірнеше рет басылған шықты. С. Малов (1954 ж.), В. Банг (1930 ж.), Ф. Мюллер (1908 ж.) т. б. зерттеді.

«Алтын шежіре» («Алтын тобы») — монғол тайпаларының тарихы туралы әңгіме ететін XVII ғасырдың көрнекті шежірелердің бірі. Авторы — Л. Дашан. Ол көп жерде 1230 ж. жазылған өңгілі «Монғолдардың құпия тарихы» деген еңбектің материалдарын қайталайды. «Білік» («өңірдегі сөздер») деген атпен келтірілген поэтикалық үзінділер (өлеңдер), халық мақалдары мен мәтелдері, орысқа тұжырымдар, оның сөздер мен ұғымды сөз орамдары бар. 1973 ж. монғол тілінен орыс тіліне аударылған басылған («Золотое сказание», Москва). Мұнда өткен ұлылыктардан (қазіргі кезде де) белгілі болып жүрген көптеген түркі тайпалары аталады, сондықтан осы кітапшада көрсетілген мақал-мәтелдердің оларға да қатысы бар болу керек деп ойлаймыз. Мысалы: барлақ, балқұр, булғар, жалайыр, қалмақ, қарлұқ, керейіт (керей), қып, қыпшақ, қырғыз, маңғыт (маңғытай), найман, татар, төлеңгіт, ұйғыр, үйсін, қоңырат.

Ә. Науан (Шамеддин Мир Әзінер Науан, 1441—1501 ж.) — ескі өзбек әдебиетінің негізін салушы классик, ұлы ақын, үлкен ойшыл, белгілі қоғам қайраткері. Еңбектері барынша және түркіше екі тілде жазған.

Әбілғазы (1602—1664 ж.) — Шыңғыс хан тұқымынан, өзбек ішіндегі шейбани руынан шыққан. Әкесі Араб Мухаммед хан Хиуаның ханы болған (1602 ж. таққа отырған). Шешесі Мейрибару ханым Арал бойын жағалай көшпін-қонып жүрген

қазақ сұлтандарының арасында туып өскен. Әкесі де, шешесі де Жәдігер ханнан тараған.

Өмірінің көбін әскер басы есебінде түрікпен тайпаларымен соғысып жүріп өткізген. Хиуада хандық құрып (1643—1664 ж.) мемлекет басқару ісіне біраз жаңалықтар енгізген қоғам қайраткері, тарихшы. Тарихи тақырыптарға жазылған екі еңбегі бар: 1) «Түрікпен шешіресі» («Шешіре-и таракимез») 1660—1681 ж. жазылып біткен. 2) «Түрік шешіресі» («Шешіре-и түрін») 1663 ж. бастап, бітіре алмайтын болған соң орнына хан болған баласы Ануш Мухаммед ханға (1663—1687 ж. тақта отырған), ол осы кітапты аяқтап шығуда Махмуд бен Мулла Мухаммед Заман Үргенчте тапсырған. Еңбек 1665 ж. аяқталған. Әбілғазының өзі жазған бөлімінде әйгілі Рашид-әд-диннің «Жамиг-ат-тауарих» деген шежіресінің де материалдарын пайдаланған. Ол араб, парсы тілдерін, түркі халықтарының тілдері мен әдебиетін (фольклорын, шежіресерін, ыңғай-әңгімелерін, эпикалық толғауларын, хикаяларын, Қорқыт күйін мен Оғыз ханға байланысты жаднамаларды т. б.) өте жақын білген. Шығармалардың тілі барынша қарапайым, көпшілік оқушыға түсінікті. Аздап-көпті дайындығы бар қазақ оқушылары оларда аудармасына-ақ оқи алады. Қазіргі қазақ тіліне өте жақын тарихи еңбектердің қатарына жатады. Сонымен бірге бұларда қазақ ру-тайпаларының тарихына байланысты материалдар мол кездеседі.

Әбу Хайян (Асируддин Абу-Хайян әл-Андалузи әл-Гарнатхи)—1265 ж. Гарнатта (араб халифатының Андалузи өлкесіндегі орталығында) туған (Испанияда). 1331 ж. Мәмлүктер мемлекетінде (Мысырда) қайтыс болған. Сол кезде мағруи пен мөһрапта (Шығыс пен Батыста) үстемдік етіп тұрған мәмлүк үкіметінің өкілдері сойлаған қыпшақ тілі туралы араб тілінде үш кітап жазған. Күні бүгін солардың біреуі-ақ бар: «Түркі тілдері туралы түсіндірме» («Китаб әл-итрак Ли-Лисан әл-итрак»). Ол 1312 ж. жазылған. Онда қыпшақ тілінің грамматикасы мен қыпшақша-арабша жасалған сөздік бар. Еңбек бірнеше тілдерге аударылған, талай елдерде әртүрліін жатыр.

Әл-Фараби (Мухаммед ибн Мухаммед ибн Уәлағ Тараххи Әбу Нәсір Әл-Фараби, 870—950 ж.)— дүние жүзілік білім мен мәдениеттің Аристотельден кейінгі тарихында есіміңі ұстаз атанған даншын, ұлы ойшыл, энциклопедист ғалым, өнер зерттеушісі, ақыл. Спар бойында, Оғрар қаласында (қазіргі Шәуілдір ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы) туып, Дамшның шаһарында қайтыс болған. Әкесі әскер басы болған. Өзі әуелі ауылда, сонан соң Шығыстың әйгілі елдерінде (Ирак, Мысыр, Шам т. б.) оқып білім алған. Араб тілінде көптеген еңбектер жазған. Олар дүние жүзінде талай тілдерге аударылып, жан-жақты әртүрліін жүр. Батыс Еуропа елдерінің көптеген ғылыми-зерттеу институттары мен оқу орындарында олар (Әл-Фараби еңбектері) XVIII ғасырға дейін тұрақты оқулық есебінде қолданылған.

Әлі (Қуя Ғали)—1212 ж. «Күсін—Зылиқа» деген поэтикалық шығарма жазған ақын. Бұл— Шығыс халықтарының арасына көп тараған өңгіме. Негізгі сарташы дін тақырып болғанмен, бұл поэма дүниәу әдебиеттің қатарына жатады. Қазақ арасында да көптеп молым.

Бабыр (Заһир-әд-дин Мұхаммед Бабыр, 1483—1530 ж.)— Индия жерінде «Ұлы моголдар» империясын құрған патша, Империя XIX ғасырдың басына дейін үш ғасыр бойы өмір сүрген (астанасы Агра болған). Атақты қолбасшы, көрнекті ақын, әйгілі жазушы, қоғам қайраткері, Өндіжанда (Ферғана өлкесінің орталығы) туған. Әкесі Омар Шейх (1456-1495 ж.) — Әмірі Темірдің туғанға, Ферғана билеушісі, ол өлген соң орнына 12 жасында Бабыр отырған. Көпшілі әбестердің қолбасшысы М. Шейбанимен талай тартысын (1504—1515 ж.) жеңіліп қалған. Сол жылдары Ауғанстанды билеп тұрған, 1525 ж. Дели (Индия) сұлтанын жеңіп шығып, өз патшалығын құрған. Сонда қайтыс болған, бірақ сүйегі Кабулда жерленген.

Бабырдың басты еңбегі—«Бабыр-нама», Онда өз өмірін, ел жайын, түркі тайпаларының күрес-тартысын, зорық жылдарын суреттеп жазған. Қазақ рулары жайында да мәлімет берген.

«Жору кітабы» («Іркі бітігі») —Қытайдың солтүстік-батыс өлкесіндегі «Бірнің будда үңгірі» деген мінәжатханадан (храмнан) табылған көне түркі тілінде (күния жазушымен) жазылған. Көлемі 104 бет. Әр нәрсенің (түе жору, т. б. құбылыстардың) негізгі белгілері мен қасиеттеріне қарап жору, болжау, түсіндірме айту — қолжазба соған арналған. Оны 1912 ж. В. Томсен жариялаған. В. Даулов, А. Ле-Кок, Н. Оркин, А. Фри Габин т. т. зерттеген.

«Көсілген бас туралы кітап» («Косік баш кітабы») — XIII—XIV ғасырларда Еділ бойында жазылған поэтикалық шыған шығарма (300 жолдай). Орта Азия, Еділ — Жайық, Қазақстан жеріне кең тараған. 19 түрлі қолжазбалары бар. Көне түркі тексі орыс тіліне аударылып басылып шыққан (Москва, 1979 ж. Я. С. Ахметгалеева).

«Көне қыпшақ жазу ескерткіштері»— Қыпшақ рулары мен қыпшақ тайпаларының тілінде жазылған ескерткіштер туралы төменде өз алдына сөз болады. Осы топқа жататын басты-басты жазба нұсқалардан алынған мысалдар сол шығармалардың аттарымен берілді де, майда текстерден, әлде бір үнділер мен сарек аталатын кіші-гірім шығармалардан келтірілген мақал-мәтелдер мен қыпшақ сөздер «Көне қыпшақ жазу ескерткіштері» деген атпен белгіленді. Бұлар түркологияда кейінен зерттеліп жүр. Шет ел тілдері мен әр түрлі түркі тілдеріне аударылып басылып та келеді. Қазақ тарихы, қазақ әдебиеті мен тілі жайында зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін бұлар — таптырмайтын құнды қазына.

Көне ұйғыр жазу ескерткіштері.— Өзе мол қазына, бірақ оларды жазылған жеріне, уақытына, тіл ерекшеліктеріне, оларды жазған және қолданған тайпаларына қарап жіктеу, дәуірлеу және сұрыптау мәселесі әлі де бааса жетілмей келеді.

У ғасырдан бастынан бастап, XVI ғ. (Алтын Орда аймағы мен Орта Азия өлкесінде) және XVIII ғасырға дейін (Шығыс Түркістандағы сары ұйғырлар арасында) қолданылып келген, соғдий алфавитінің негізінен жасалған ұйғыр жазуы болған (жағарыдан төмен қарай, оңнан солға қарай жазған). Ұйғыр жазуы мен ұйғыр тілі әдебиеті монгол тайпалары мен олардың мәдени даму барысына үлкен әсер еткен, сол арқылы бара-бара көптеген түркі тайпаларының тарихында олар өзінің қалдырып отырған.

Жазуы алғашында көне ұйғыр жазуының 4 мыңнан аса қолжазба ескерткіші бар. Олардың ішінде руны (орхон-енісей) жазуымен, араб алфавитімен тұрпаттандырылған да кездеседі. Көшінісі — маньчжур, будда христиан және ислам дінін уағыздау үшін жазылған трактаттар. Мысалы: «Тоба ету дүңгесі» (V ғ.), «Жөдінкөйлердің табынуы» (VIII ғ.) т. б. Заң-іс, немесе қағаздары да аз емес. Аударма еңбектер де (қытай, табег, үнді, тохар тілдерінен) баршылық, мысалы: «Алтын жарық» т.т. Ең көбі — «Турфан төлентері» деп аталатын материалдар (X—VIII ғ.), Барлығы түркологияда кеңінен зерттеліп жүр.

Қ. Жалаири (Қадырғали Қосымұлы Жалаири, 1503 ж. шамамен—1605 ж., кейде Қадырғали, Қыздырғали, Қадырғалибек, Қадырғалибек т. б., не Қосымұлы деп те жазыды). Сыр бойын жайлаған Уақ асу тайпасының тарақ тамғалы (таңбалы) жалаири руынан шыққан, Шыңғыс әулетінен, төре тұқымынан болған хандарға қызмет ететін қарашаардың тұқымы. Ондан сұлтанның баласы әйгілі Тәуекел ханның (1580—1598 ж. билік құрған) немере інісі — ханзада Оразмұхаммед Қошым хандығынан жүргенде (жаз кезінде) Ерментаң (Жармақтың) Сібірге жасаған жорықтарына байланысты қолға түсіп, Мәскеуге барады да, патша сарайына қызметке тұрады. Осы өскерінің қатарында шведтермен соғысып, ерлік көрсетеді. 1600 ж. Қасым (Қирман) аймағына (Ока өзені бойында) хан болып тағайындалады. Оның ұстазы, ғұлама Қадырғали үнемі бірге жүрген де, төрт уәзірінің бірі болып қызмет атқарған. Ол өзі туралы былай деп жазады: «Мен — дүние жүзіндегі неше түрлі мемлекеттерді аралаған, әділ ұйым, нақыл сөзге қанық көптеген кітаптар оқыған адаммын» дейді. 1602 ж. бір шежіре жазып бітірген. Оның түпнұсқасы жоғалып кеткен. Бізге жеткен екі көшірмесі мен бір үзіндісі бар: 1) 157 парақ, 1641—1642 ж. жазылған, 1851 ж. табылған (Ленинград университетінде сақтаулы); 2) 80 парақ, 1732 ж. жазылған, 1922 ж. табылған (Қазан университетінде сақтаулы); Екеуінің де бірінші беті жоқ, содан барын еңбектің аты өзі күнге дейін белгісіз болып жүр.

Бірінші бөлімінде автор Рашид-ад-диннің әйгілі «Жаһан-ат-тауарих» деп аталатын шығармасын қысқартып еркін аударған. Осыған орай Қадырғали еңбегі де осылай «Шежірелер жинағы» деп аталып кеткен. Мұнда Б. Годунов патшаға арналған мақтау сөз (мадианама), түркі-монгол тайпаларының, Шыңғыс пен оның ұрпақтарының тарихы баяндалған (оган жаса «Яса», яғни «Заңдар жинағы» мен 11 дастан-шежіре бар).

Екінші бөлімінде Қадырғали өз жанынан шығарып 9 дастан-шежіре жазған. Онда Орыс хан, Тоқтамыс хан, Тезір-Құлтық хан, Ханы-Гирей хан, Хәсем-Мұхаммед хан, Әбілқайыр хан, Жәдігер хан, Ораз-Мұхаммед хан және Едіге ханның тарихи өмірін баяндаған. Бұл ескерткішті зерттеуге орыс ғалымдарымен қатар ғатар (М. Усманов), қазақ (Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Ә. Масапов, К. Жүнісбаев, Т. Қордабаев, Р. Сыздықова, М. Мағанин) ғалымдары да ит қалысын жүр. Шығарма жасақ хандықтың құрылу алдындағы тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты екі бағалы мәліметтер береді. Академик Ә. Марғұлан осы еңбекті қазақ жазба әдеби тілі тарихының қайнар көзі деп есептейді. «Қадырғали Жалаири шежіресі — ертедегі қазақ тілінде жазылған тұңғыш тарихи шығарма» (Қазақ өлең өңделікөзделісі, 7 т., 1975, 75 бет).

Қ. Пассауи (1103 немесе 1105—1167 ж.) — Орта Азияның атақты ақыны Түркістанда соғыммен мектебін құрған, діни-мистикалық әдебиеттің негізін салған. Қожа Ахметтің творчествосы күрделі, қайшылықты. Қазіргі Сайрам (Шымкент облысы) маңында тұған. Әкесі Ибраһим сонда шайх (діни атық, діп орталығын басқарушы) болған. Қожа Ахмет Арстан бап тәрбиесінде болған. Бұқараға әйгілі Намазани мектебінде оқыған, Пассауи (қазіргі Түркістан) қаласын мекендеп, шайхылық құрған — «әулие шайх» атанған. Атасы аясына тараған, көп мүрті (шежірт) етілген (яғни сардақ ішінен де атақты ақандар шыққан: С. Бақырғали — 1176 ж., қайтыс болған; С. Аллаир, Ахсан т. б.). Жұрт «Мәдинеде — Мұхаммед, Түркістанда — Қожа Ахмет» деп, оны бір тұтқан. Сондықтан ол 63 жасқа келгенде «шайхтардың арасынан артық жасамаймын» деп, жерөлге — шіркеуіне (жердің астынан өйлеп жасалған үйге — қылуы) түсіп, қалған өмірін сонда өткізген. Оның әдеби мұрасы бізге бір ғана «Дуаяни хикмет» («Нарасат жинағы») деген еңбегі арқылы жеткен. Ол ру-баиттардан (төрт тармақты өлеңдерден) құралған. Бір төп өлең бір «хикмет» (парасеттілік, ақылдылық, даналық, ішкі терең ой) деп аталған. Намазани алғашқы ағудан орта (бір жинағында 109 деп көрсетілген) хикметі болған. Қазіргі бар көшірмелер XV (4 қолжазба) және XVII ғасырларда жазылған. XIX ғасырдың екінші жартысында бірнеше рет тасқа басылған (алғаш басылған — 1875 ж.). Қазақ тіліне аударылған, 1901 ж. Қазанда басылып шыққан деген мәлімет бар (бірақ біз бізміз оны көрсен жоқпыз). Түркі халықтарының арасында (Түркия, Орта Азия, қазіргі Қазақстан, Татарстан т. б.) өте көп тараған (қолжазба күйінде), Стамбулда, Ташкентте, Қожаанда т. б. орталықтарда талай рет жарияланған.

Қожа Ахмет Түркістанда жерленген. Басына күмізбен орнатылған (1336—1337 ж.), Қазақ мәдениеті мен әдебиетін, тарихын, этнографиясын, шаруашылық жағдайын зерттеу үшін «Дуаяни хикметтің» маңызы үлкен деп есептеледі. «Ба-

¹ Р. Сыздықова Қ. Жалаири еңбегі текетінің қазіргі қазақ әрпімен транскрипцияланған нұсқасын жасады. Оны оқуға шығуға жағдай жасауға үшін Қабата Ғаламқалина үлкен ризашылық білдіреліміз.

зақ совет энциклопедиясына» кірген (1 т., 1972, 613 бет). Онда былай деп жазылған: «Қазақ халқының көне мәдениеті тарихында айрықша орны бар». Қазіргі түркологияда (шеш өзде болсын, біздің елімізде болсын) әлсін-әлсін Ахмет шығармалары туралы зерттеулер жарияланған тұрады. Көбінесе өзбек әдебиетінің тарихына байланысты қарастырылып жүр; христоматиясы мен оқулықтарында ықпал басылады. Түркімен әдебиетінің тарихын зерттеуші мамандар Пассаунді түркімен әдебиетінің тарихындағы соңылық бағыттың негізін салған ақын деп бағалайды. Шығармаларының біраз үзінділері орыс тіліне аударылып, «Библиотека всемирной литературы» деген антологияның 55-томында жарияланған. Енді бір топ өлеңдерінің орысша аудармасы А. Брагиннің «Третье рождение», «Туркестанская повесть» деген еңбегіне енген (Алматы, 1984, 201—205 беттер).

Қорқыт (VIII ғасырда өмір сүрген)— мәшһүр ақын, асқан күйші, аты аңызға айналған көптеген көмектер, ойшыл адам. Өзі оғыз руынан шыққан, қыпшақтың жиені. Қазақ музыкасының тарихында ән-күй өнерінің атасы болып есептеледі.

Қорқытқа байланысты аңыз-өңгімелер, эпостық жырлар «Қорқыт ағаның кітабы» (XI ғ.) деген шығармада жинақталған. Оның авторы, жазылған уақыты не қайда жазылғаны туралы мәлімет жоқ. Шығарманың екі түрлі қолжазбасы бар (Дрезден және Ватикан кітапханаларында сақталған). Олар кейінірек XV ғасырда жазылған. Көптеген тілдерге аударылған. Түпнұсқасы үш рет басылып шықты (Стамбулда, Анкарада, Римде). Орыс тілінде де бірнеше рет жарық көрді, ең бастысы академик В. Бартольд аударған нұсқа (1950 ж. Баку; 1962 ж. Москва — Ленинград). Шығарма көбінесе оғыз халықтарының (түрік, азербайжан, түркімен) тарихымен байланысты зерттеліп жүр (Х. Көрөғлы. Оғыз батырлық эпосы, Москва, 1976, орыс тілінде).

Құтып.— Шын аты белгісіз, лақап аты Қутб — «соңылар ізгілігінің көзі» деген діни атақ (құлдай жолында жүрген адам). Ол Хорезм әлкесінен хан сарайында қызмет ету үшін Алтын Орда ыдырағаннан кейін Көк Ордаға бағынып тұрған Ақ Ордаға келген (Сырдария алабын, Аралдың солтүстік-шығысынан Есіз, Сарысу өзендеріне дейінгі далалық жерлердің көбін, Яссы, Сауран, Жаңакеңт сияқты қалаларды билеген, орталығы, Сығмынақ, қазіргі «Сунақ ата», болған). Ақ Орданың көшпелі ханы (атақты «Дешт-и қыпшақ» даласының шығыс бөлегін түгел иайлаған) «өзбек-қазақ» деп аталған. Құтып сонда отырып 1341 ж. азербайжанның ұлы ақылы Низами Ганжевидің (1141—1209 жж.) «Хұсрау мен Шырын» деген поэтикалық романын «Низами балынан алуа жасапты деп едім» деп қыпшақ тіліне аударып, Өзбек ханның (1312—1342 ж. Алтын Орданы билеген) бәласы шаһзада Тышбөкке тарту еткен (ол өзісі Өзбек өлген соң аз уақыт Ақ Орданы билеп тұрған). Бұл дүние жүйелік әдебиеттің алтын қорына кірген шығарманың бірінші рет түркі тіліне аударылуы еді. Еңбектің түп нұсқасы жоғалып кеткен. Бізге жеткені — Еділ бойынан шыққан, Мысырға (Александрияға) барып тұрған қыпшақ,

ақылы Берке ибн Биракас ибн Кандуд ибн Алғу (лақап аты «Факих» — «діни білімге жетік» деген сөз) 1383 ж. көшірін алған нұсқа. Ол қазір Францияда (Париждің ұлттық кітапханасында) сақтаулы. Шығарманың соңында Беркенің өзі шығарған өлеңдері де бар.

Лутғий (лақап аты, шын аты-жөні белгісіз, 1367-1466 ж.) — Ғаратта туған, Орта Азияның көрнекті ақылы. Тәжік және түркі тілдерінде жазған. Сол кездегі Темір ұрпақтарынан болған әкімдерге арнап бірнеше қасида (мақтау өлең) шығарған. Лирикалық шығарма — өз алдына бір том, «Гүл мен наурыз» және «Зафар-наме» («Жеңіс хикаясы») деген екі дастаны бар. Өзбек әдебиетінің тарихына байланысты оқытылып жүр.

М. Қашқари (толық аты-жөні Махмуд ибн әл-Хусейн ибн Мухаммед әл-Қашқари) — 1029-1038 жылдар арасында Барысқан аулында (қазіргі Қырғыз Истық көлінің маңында) туған (олған жылды мәлімсіз). Өзісі Қарахан әулетінен шығып, әр жерде (Қашқарда, Баласағұнда) өскені әкім болған. М. Қашқари өзіні «өмір тұрғанынан шыққан едім» деп көрсетеді. Әуелі ол сол кездегі үлкен астаналардың бірі болған Қашқарда оқыған. Онда араб тілі, шариғат жолы, заң ізімі, арифметика сабағы, құран мен хадис (Мұхаммед пайғамбардың айтқан сөздерінің жинағы) туралы дәріс берілетін.

Ғұлама ғалым әдебиет, тарих, этнография, география, астрономия саласындағы, сол сияқты филология салалары мен лингвистика жөніндегі терең де тұңғырмалы энциклопедиялық білімдерін Орта Азияда, Таяу Шығыста және Иракта (атынауды Бағдад қаласында) жүріп алған. Ол араб пен парсы тілдерін бес саусағындай білген, бірақ өз түркі тілдерін байлығы мен орамдылығы жағынан араб тілінен кем түспейді деп есептеген.

Туған тілінің қадір-қасиеті мен оның болашақ бағыт-бағдарын (дәлірек айтсақ, бақытын) ойлап, ол араб тілінде екі кітап жазды. Бірінші түркі тілдерінің грамматикасы туралы жазылған еңбегі жоғалып кетіп, күні бүгінге дейін табылмай жүр. Екінші еңбегі кешінде қолға түспей кетіп, 1915 ж. Стамбул базарында ескі-күсқы сатып жүрген мәйденердің арбасынан табылған. Түркі халықтары мен тілдерінің Шығыс әлеміндегі ролін М. Қашқари жақсы түсінген.

Ол өзі түркі тілдерін өте жетік білген. Оларды жік-жікке бөліп, әр алуан тұрғыдан қарап бағалай білген. Соған қарамай ол сонау батыстағы Румын (Воландия, қазіргі Түркия) бастап, шығыстағы Шын (қазіргі Қытай) еліне дейін түгел аралап шыққан. Соған жерді кең жайлап, өркін мекендеген түркі тайпалары мен көрші елдердің ауыл-мекендеріне, шаһар-кенттеріне, дала-жайларына барып тілдерін зерттеген, мақал-мәтелдері мен өткір сөздерін, ұятты орамдарын, қанатты да қанықты айтылатын сөз кіндерін, т. б. да қыруар тіл байлығын жинаған. Өлең сөз, ұясқа тақпақ шұбыртпа терме, ұхсал-дастан т. т. әдеби-фольклорлық мол қазына терген. Соларды мысалға келтіретін материал етін «Диван лугат-и-түркі»

(«Түркі есдерінің жинағы») деген еңбек жазған. Оны 1072-1078 жылдар арасында Багдадта отырып бітірген. Негізгі мақсаты түркі халықтарының мәдени-рухани өмірімен араб есдерін таныстыру болған. Еңбек — солар туралы жазылған энциклопедия. Түпнұсқасы жоғалып кеткен, кейінірек 1296 ж. М. А. Абулфатх жасаған жазылған көшірмесі Стамбулда сақтаулы.

М. Науаи (1248—1326 ж.) — Көне Үргеніште туып, Хиуада қайтыс болған Орта Азияның атақты ғалымы «Үндістанға барып та күрескен», ақыны, қарапайым халықтың інімен шыққан. Шығармаларын парсыша, тайықша және түркіше жазған, оқыған, білімдар кісі. «Ақиқаттар қазынасы» («Қана-ул-хақайық») деген қос тармақты өлеңдер (месневі) жинағы бар. Сонымен бірге бізге оның бірнеше жүз рубаяттары (төрт жылды өлеңдері) жеткен. Өзбек әдебиетінің тарихымен байланысты қарастырылып жүр.

Мақанией (мақан аты, шың аты-жөні, туған, өлген жылдары белгісіз) — XV ғасырдың алғы мен XVI ғасырдың басында жасаған Орта Азияның ақыны, Хорезмде туған да, Бұхарада тұрған. «Сейфул-Мәлік қиссасы» деген дастан жазған. Өзбек әдебиетінің тарихымен байланысты зерттеліп жүр.

«Монғолдың күнші шежіресі» — XIII-XIV ғасырдағы түркі-монғол халықтарының тарихы, тілі және әдебиеті туралы жазба ескерткіші. Монғол рулары мен олардың хандары, билеушілері жайында жазылғанмен, «...ол түркі тайпаларының да сол кездегі тілін, тарихын, әдебиетін салыстыра түсінуге, зерттеуге аса құнды мұра екені дәуісиз. Олай дейтініміз, — деп жазады осы еңбектің қазақ тіліндегі баеымында редактор Б. Бұхатұлы. — қазіргі монғол жерінде белгісіз дәуірден біздің біздің VI—XII ғасырларға дейін ұйғыр, қырғыз, керей, найман, қоңырат, татар сияқты түркі тайпалары мекендейді. Бұл тайпалар шығыста мекендейтін монғол тайпаларымен көршілес қарым-қатынаста болды. Ол кездегі түркі, монғол көпелі тайпаларының әлеуметтік-экономикалық өмірі ортақ желілес болды» (7-бет). Бұл еңбеге етін отырған еңбегіміз монғол тілінен аударылып (аудармашы М. Сұлтаншаұлы), Монғолияда (Олгий, 1979 ж.) басылған. Оның түпнұсқасы дүние жүзілік ориенталистикада кеңінен мәлім, бірнеше тілге (соның ішінде орыс тіліне де) тәржімаланған. Шежіреде кездесетін түркі тайпаларының тізімін «Алтын шежіре» мен Рашид-ад-диннің еңбегінен көруге болады. Біздің кітапшамда келтірілген мақал-матеріалдар осы аударма бойынша редакцияланып берілді.

Орхон жазу ескерткіші — Орхон, Селенга, Тола өзендерінің аңғарынан, Минусинскі ойпатынан табылған, «Руны (күнші) жазуы» деп аталатын алфавитпен (оңнан солға қарай, жоғарыдан төмен қарай) жазылған ескерткіштердің жинағы. Олар тілі, баяндалатын уақиғаларының мерзімі, жазалу стилі жағынан VIII ғасырға жатады (Енисей, Талас жазу ескерткіштері V-VIII ғасырларды қамтиды). Орхон жазу ескерткіштерінің басым көпшілігі — атақты хандар мен олардың үкір-қосындыларының қабірі басына қойылған құлшы тастағы (сын тастағы) жазу-

лар. Дүние жүзілік түркологияда кеңінен зерттеліп жүр. Талай тілдерге аударылған. Түркі халықтарының жазу, әдебиет, тіл тарихы әдетте осы Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінен бастан өрбйтеді. «Қазақ совет энциклопедиясына» енген, (8 т., 1976, 584 бет).

Р. Хорезми (туған, өлген уақыты белгісіз) — мақан аты (ейіні бізден кейінгі аты — Рашид), шың аты-жөні беймәлім автор. Ақ Орда (XIV ғ. алты мен XV ғ. басында құрылып, үстемдік еткен Жоңы тұқымдарының оң қанаты, яғни Жүз Орда — жүзге бөлінетін Орда) әдебиеті мен жазба (дәстүрлі алтынордалық) әдеби тілдің көрнекті өкілі, атақты ақын. Оның бізге «Мухаббат-наме» («Махаббат жыры») деген бір ғана еңбегі мәлім — 1353 ж. Сыр бойында (мүмкін, астанала — Сығанақ қаласында, қазіргі Сунақ-ата) жазылған. Ол былай деп толғайды:

«Мухаббат-наме» сөзін жарлайын да:
Түгелдей жазып біттім Сыр бойында...
«Жоғі асу» елу төртте¹ дөңтерімді
Бітірдім төгіп жүрін көп терімді.»

Еңбек Өзбек ханның баласы (Жәнібек ханның атазасы болу керек) қоңырат руынан шыққан Мухаммед Қожабек (1342—1357 ж. Алтын Орданы билеген) ханның сұрауымен жазылған Қожабекке арнап автор былай дейді:

«Жүректің оң арыстандай қоңырат текті,
Шаһиншах туысқаның Жәнібек-ті», —

деп келеді де:

«Бітірдім Қожабектің мақтау сөзін,
Бастадым «Мухаббаттың» нағыз өзін», —

деп шығарманың кіріспе бөлімін аяқтайды.

Шығарманың бізге екі көшірмесі жеткен: бірі 1503—1509 ж. араб жазуымен, ейіншісі 1432 ж. көне ұйғыр жазуымен Пезде қаласында жазылған. Екеуі де Лондонда сақтаулы. Біріншісі 47 бет, онда 474 байт (918 жол өлең) бар. Ол — тарихи жетістіктің сүйген қылына арнап жазған он бір сәлем хатының жинағы.

Рабуан (Насир-ад-дин бин Бурхан-ад-дин ар-Рабуан, шыққаны Насир Рабуан) — 1310 ж. қара сөзбен «Қисса-ул-Ашбин» («Әузелер тарихы») деген еңбек жазған. Қиссаға: «Қисса-и Рабуан». Ол дінге тақырыпқа арналған. Парсы тілін түркі тілдерінің шығуына (Қазақар) диалектісіне аударылған деп есептеледі.

Рашид-ад-дин (Фазлаллах ибн Әбілқайыр Хамадани ат-Табіб, 1257-1318 ж.) — Парсының атақты тарихшысы, мемлекет қайраткері (үзгір), ғұлама, энциклопедист, дәрігер. «Шежірелер жинағы» («Жамиғ-ат-тауарих») деген парсыша кітап жазған

¹ Бұл хикафа есебімен — қазіргі есен бойынша 1353 ж.

Ман-маньсаран мен хайгунартар 172
 Топт уулар 173

ТАЛНАЛ КОРИНГТЕРИ

Аман мен ой 131
 Акырау мен акырау 134
 Аман, жанашман, улам 137
 Чоюгулам 138
 Калкы мен Шайкел (калан) 144
 Калкы 152
 Тиз оюри 153
 Уш мене шиме конишор 164

БУХАНИ БАРЫЛЫ

Коргошуну мен кырк уулар 127
 Аману мен токутук (ач бер татак) 114
 Калкы мен көпкөк 111
 Калкы мен калкырау 111
 Калкырау мен көпкөк 110

«БАР» НАРСЕ МЕН «КОК» НАРСЕ ЖАРЫЛЫ

Ману мен бозман 107
 Акырау мен башкырау 104
 Калкы мен калкырау 103
 Калкы, көпкөк мен көпкөк 97
 Акырау мен калкырау 94
 Ману мен ой 93
 Ману мен акырау 90
 Манурау мен калкырау 78

«ЖАЛСА» МЕН «ЖАНА» ЖАРЫЛЫ

Ману мен ушман 74
 Манурау мен калкырау 72
 Манурау мен калкырау 65
 Ману мен калкырау 61

ЖАЛЫН ТУРАЛЫ

Манурау мен калкырау 56
 Манурау мен калкырау 57
 Манурау мен калкырау 57
 Манурау мен калкырау 58

ӨМӨР ОЙУНДЕРИ

Ману 181
 Манурау мен көпкөк 182
 Ману мен ой 183
 Манурау мен көпкөк (Актарсар мен көпкөк) 194

ЖЕМЧУЖИНЫ

ПОСЛОВИЦА, ПОРОВОРКИ И АФОРИЗМЫ
ДРЕВНЕТОРЖАНСКИХ НАРОДОВ — НА МАТЕРИАЛЕ
НИСЪЕМНЫХ ПАМЯТНИКОВ V—XVII ВЕКОВ

(на казахском языке)

Составитель и переводчик

АБЖАН КУРБАНЖАНОВ

Редактор Т. Сабдаркеев

Художник И. Ирмаханбетов

Художественный редактор Г. Буланбаева

Технический редактор Н. Кербалиева

Корректор А. Тулганова

ИБ № 2024

Төррө 07.01.88 иберилди. Басуу 28.09.86 көч мөлдүдө. ҮТ 1912.
Казан 70X150 мм. № 1 басма нуска. Казан түрү «кыргыз». Шилеминде
Басуучу: Магистр басма фабрикасы. Магистр бонус номери 12.0
Басма: Магистр басма фабрикасы. Магистр бонус номери 12.0
Казан ССР Басма, полиграфия және кітап сатуучу ишканалары
Мекемесинин Казан түрү «Казан» полиграфиялык ишканалары өн-
дүрүсүн берүүсүнүн Полиграфия компаниясы, 420082, Алматы ша-
расы, Магистр номери, 41 үй.

№ 1